



Республикалық жастар газеті Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№48 (637)
4 желтоқсан,
2025 жыл

ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІ:

ЖАУАПТЫ САЛАДАҒЫ БІР КҮН

Апат туралы хабар... Бір сәттік үнсіздік...
Дабыл қаққан қатқыл қоңырау. Бұл сәтте өмір
мен өлімнің арасындағы арпалыс бір ғана
секундтың еншісінде тұрғанын олар жақсы біледі.
Белгісіздікке қарай жасалған әр қадамның
артында тағдыр тұрады. Қоңырау түскен
шақта жан-жағын шолып ойланып тұратын
уақыт жоқ, жүрек дүрсіліне ілесіп, жедел
оқиға орнына асыққан қызметкерлер
ғана бар. Міне, осындай ортада жүрегінің
түгі бар нағыз батыр жандар еңбек
етеді. Біз сөз еткелі отырған сала –
құтқарушылар қызметі.

Кез келген секундта қоңырау
соғылып, құтқарушылар оқиға орнына
аттанып кетуі мүмкін. Әр бұрыштан
темірдей тәртіп, дайын тұрған құрал-
сайман, жинақы қойылған киімдер,
ұқыптылық пен жауапкершіліктің
ауыр жүгі сезіледі.

6

ҚОҒАЛЫКӨЛДІК ЖАСТАР КӘСІПТІҢ КӨЗІН ТАБУДА



Грант қаражатына кәсіп бастағандардың бірі –
ауылдың жас келіні Мөлдір Бақтыбайқызы. Ол халыққа
табиғи, таза сүт өнімдерін ұсыну мақсатында қаражатқа

кол жеткізіп, үш бұзаулы сиыр сатып алыпты. Бүгінде
катық, айран, құртты кезек-кезек жасап, тұтынушыға
ұсынып жүр.

Қоғалыкөл – жұрт
қызығатын ауыл. Егін де,
мал да, сауда да – қай-
қайсысына да тиімді.
Аудан орталығы мен
облыс орталығының дәл
ортасында орналасқан.
Ағарғанын арқалап,
қалаға апарып сатып,
пұлдап жүргендер көп.
Мал бордақылау ісімен
айналысып, облыс халқын
етпен де қамтамасыз етуде.
Бұл кәсіптің әрбірінде
жастардың үлес салмағы
жоғары. Мемлекеттік
бағдарламаларды
тиімді пайдаланып, кәсіп
ашқандардың да қарасы
қалың мұнда. Биылдың
өзінде оннан астам кәсіпкер
қайтарымсыз грантқа ие
болыпты.

7-БЕТТЕ

ТЕЗ ТАБЫС, АУЫР ЖАЗА,

НЕМЕСЕ ЭКОНОМИКАНЫҢ КӨЛЕҢКЕСІН ТАСАЛАҒАН ДРОППЕРЛЕР

Кейінгі жылдары
«Дроппер» деген ұғым қаржы
нарығының да, цифрлық кеңістіктің
де, жалпы алғанда қоғам тыныштығын
қашырған жаңа құбылысқа айналды. Бір
қарағанда жылдам табысқа бастайтын
оңай жол секілді көрінетін бұл жүйенің
арғы жағында күрделі алаяқтық схема,
қаржы ізін жасыру тетіктері мен
киберқылмыстың жаңа
буыны бар.

Дропперлер – қарапайым азаматты да,
банк секторын да, тіпті мемлекеттік
бақылау механизмдерін
де әлсірететін қауіпті
ойыншылар.



5

АТЫҢ ШЫҚПАСА ПОДКАСТ ЖАСА

Егер маған әлдекім «2025 жыл
несімен есіңде қалды?» десе, еш
ойланбастан «подкастарымен» дер
едім. Бұлай деуімнің себебін өзіңіз де
түсініп отырған боларсыз...

Кейінгі жылдары түрлі әлеуметтік желіде
кеңінен тараған, беделі күннен-күнге артып
келе жатқан медиа саланың бірі – подкастинг.
Бұл сөз ағылшын тіліндегі «podcast»
ұғымынан туындап, жалпы мағынасы «хабар
тарату» дегенді білдіреді. Қарапайым тілмен
айтқанда, подкаст – аудио, видео немесе
телерадио форматында белгілі бір тақырыпты
камтитын еркін әңгіме, сұхбат немесе
авторлық ой-толғам. Оны бір адам да, бірнеше
адам да жүргізе алады.

3

ӘЛЕМДІ БАҒЫНДЫРҒАН ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫ

8-БЕТТЕ

БАСПАСӨЗ-2026


ЖАСТАРҒА жазыл, достарым!

Жастардың үнін жеткізер,
Төл газеті толқынның.
Мазмұнға бай басылым,
Тарихы болар бұл күннің.

Сауырға басып жүретін,
Қашан да ойдың қамшысы.
«Ақмешіттің жастары» –
Жақсы істердің жаршысы.

Ой салар жазған-сызғаны,
Ұғатын жанға астарын.
Сананы сергек қылатын,
Жастарға жазыл, достарым!

Құрметті оқырман! 2026
жылдың I жартыжылдығына
газетке жазылу жүріп жатыр.
«Ақмешіт жастары» газетіне
6 айға жазылу үшін жеке
тұлғаларға – 4000 теңге.



АУЫЛДЫҢ ДАМУЫ – ЕЛДІҢ ДАМУЫ: ЕЛОРДАДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ДИАЛОГ

Кейінгі жылдары ауыл-аймақты дамыту мен ауыл әкімдері институтын жетілдіру мәселесі бойынша түрлі бастама қолға алынды. Солардың бірі – жақында Астана төрінде өткен ауыл әкімдерінің диалог-платформасы.

– Шын мәнінде, тақырып – өте өзекті. Ауылдың жағдайы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Себебі халқымыздың та-мыры – ауылда. Ауылдарымыз мықты бол-са, еліміз де берекелі болмақ. Сондықтан ауыл әкімдеріне қойылатын талап та, оларға жүктелетін міндет те әрдайым ерекше, – деп сөз бастаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әкімдердің ең алдымен халықпен тікелей жұмыс істейтін мемлекеттік қызметші екенін және өте жауапты жұмыс екенін атап өтті.

Қазіргі ауыл әкімдерінің 60%-ға жуығы алғаш рет сайланған мамандар. Сонымен қатар олардың қатарында бұрын билік жүйесінде жұмыс істемеген азаматтар да бар. Осы орай-да «AMANAT» партиясының бастамасымен «Әкімдер мектебі» жобасы қолға алынған.

Жиын барысында Президент Үкіметке экономиканың тұрақты сапалы өсімін қам-тамасыз ету, инфляцияны төмендетіп, халықтың табысын арттыру арқылы тұрмыс жағдайын жақсарту, жеке секторды дамытып, өндірісті жандандыруды тапсырды. Сондай-ақ ауылды дамытуға қатысты жұмыстың негізгі бағыттарына тоқталды. Осы тұста ауыл әкімдерінің міндетті түрде білікті ма-ман болуға тиіс екені, олардың өкілеттігі, жауапкершілігі күшею керектігі және ауылдағы кәсіпкерлікті өркендетуге баса мән беру керек екені жайлы айтылды.

Ауыл әкімдерінің диалог-платформа-сы аясында мемлекет дамуының негізгі бағыттарына қатысты панельдік сессиялар өтті. Іс-шараға ауылдардың, кенттердің және ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ Үкімет мүшелері қатысты.

Мамандарды бір алаңда жинаған маңызды жынға қызылордалық делегация да қатысты. Елордадағы диалог-платформа қалай өтті? Осы және өзге де сауалға «AMANAT» пар-тиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай, Қызылорда қаласына қарасты Қызылжарма ауылдық округінің әкімі Шәріп Әбдірахманов, сондай-ақ Сырдария ауданы Нағи Ілиясов ауылдық



округінің әкімі Сағдат Нұрмағанбетов баспасөз конференцияда жауап берді.

Жоғарыда біз жазған «Әкімдер мектебі» жайлы Партияның облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай баяндады.

– «Әкімдер мектебі» жобасы Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академия-сының базасында, оның облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы филиалдары арқылы іске асырылды. Бұл оқу курстарына өңірдегі 146 ауылдық округ қатысып, білімін жетілдірді. Оқыту экономика, мемлекеттік басқару, бюджеттік жоспарлау, коммуналдық меншікті басқару, цифрланды-ру, тәуекел-менеджмент, кәсіпкерлікті дамыту және инвестициялар тарту саласында 17 мо-дуль мен 240 академиялық сағатты қамтыды. Бүгінде ауыл әкімдері ауыл халқының та-бысын арттыру бағытында алған білімін қолдануда деп толық есептейміз, – деді Жан-дос Нұртайұлы.

Сонымен қатар партия тарапынан атқа-рылып жатқан жұмыстарды атап өтті.

– Мемлекет басшысы Үкімет әкімдердің сайлау алдындағы бағдарламасының эконо-микалық бөлігіне қойылатын талаптарды айқындауды тапсырды. Яғни әкімдердің сай-лауалды бағдарламалары аймақтың даму жо-спарымен үйлесім табу керектігін айтты. Бұл өз кезегінде әкімдердің есептілігін күшейтеді және әкімдік қызметке өз үміткерлерін ұсынған партиялардың жауапкершілігін арттырады. Өңірімізде 146 ауылдық округ және 3 аудан

әкімі «AMANAT» партиясынан сайланғанын атап өткен жөн. Сонымен қатар партия атынан ұсынылып, сайланған әкімдердің сайлауалды бағдарламасының орындалуына партиялық бақылау жасалып, олардың есебі тыңдалып тұрады, – деді Жандос Базартай.

2029 жылға дейін «AMANAT» партия-сының «Ауыл аманаты» жобасына 600 мил-лиард теңгеге жуық қаражат бөлінеді. Жоба аясында елімізде екі жылдың ішінде 20 мыңға жуық жұмыс орны ашылса, оның 2 мыңға жуығы біздің өңірде жүзеге асқан. Алда қаржының қажетті жобаға бөлінуі мен мақсатты игерілуін қамтамасыз ету міндеті тұр.

Баспасөз конференциясына қатысқан Қызылжарма ауылдық округінің әкімі Шәріп Әбдірахманов та «Ауыл аманатының» ауыл-дағы ағайынның табысын арттыру жолындағы таптырмас жоба екенін тілге тиек айтты. Со-нымен қатар Мемлекет басшысының төртінші деңгейлі бюджеттің дербестігін арттыру бағытында айтқан ұсынысын қолдап, округ-те жүзеге асырылып жатқан жұмыстар мен алдағы міндеттер жөнінде баяндады.

Нағи Ілиясов ауылдық округінің әкімі Сағдат Нұрмағанбетов Президенттің «Са-лықты жұмыс істейтін және табыс табатын жерде төле» қағидаты барлық ауыл әкімі үшін ауылдың инфрақұрылымын жақсартуға неме-се өзгеде мәселелерін шешуіне үлкен қолдау екенін жеткізді.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Аңызға айналған Домалақ ана

Айдай сұлу, Күндей қызды көрікті,
Бәйдібектен батыр жақсы көріпті.
Жаратқаным сүйген құлын жарылқап,
Қосқаннан соң асыл үш ұл беріпті!

Арайлаған Нұр ананың нұр таңы,
Албан, Суан, Дулат – кенже ұрпағы.
Жарықшағы ақылмен ел билеп,
Жетісудың болған екен сұлтаны!

Нұр ананы ертеден-ақ таныпты,
Әділдігі риза етіп халықты.
Әзиз Ана қабілеті – дәл болжар,
Ерекше боп ел есінде қалыпты.

Келгенінде дауды шешкен сапардан,
Көптен алғыс, үлкендерден бата алған.
Айтқан сөзі ақиқатқа айналып,
Ел ішінде Абыз Ана атанған!

Айналасы ізгілікке толыпты,
Түс көріпті – әулиелік қоныпты.
Көрегендік қасиеті танылып,
Әз Анамыз – Аңыз Ана болыпты!

Соңғы жылдар Ташкент жаққа барыпты,
Жанына ем – жылы мекен тауыпты.
Қаратауға жетер жолда бұйрық кеп,
Қара жер бауырына алыпты.

Зиратына келген көрші елдерден,
Зиярат қып жақын-жуық жерлерден.
Аңыз болған Домалақтай анамыз,
Балабөген баурайына жерленген.

Ташкент жактан шеберлерді алдырған,
Ұлы Дулат көркем күмбез салдырған.
Тағзым етіп, бас иетін алдында,
Анасының мәңгі атын қалдырған!

Данасының бірі – Ұлы Даланың,
Дін – исламмен ғажап еткен ғаламын.
Шөбересі екен – қыздан тараған,
Нұр анамыз – Ходжа-Ахмет бабаның!

Еңлік МЫРЗАХМЕТОВА



Қызылорда облысында сауда қызметін реттеу және тұтынушылардың құқықтарын қорғау бағытында жүргізіліп жатқан кешенді шаралар аймақтағы нарық мәдениетін жетілдіруге және азаматтардың тұтынушылық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Биылғы 10 ай ішінде атқарылған жұмыстар осы саладағы бақылаудың күшейгенін, тұрғындар тарапынан өз құқықтарын қорғауға деген белсенділіктің артқанын көрсетіп отыр. Бұл туралы Өңірлік ком-муникациялар қызметінің ақпарат алаңында Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті облыс бойынша департаментінің басшысы Еркасым Сүлейменов баяндады.

ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ КҮШЕЙДІ

Департамент мамандары Қазақстан Респуб-ликасының «Сауда қызметін реттеу туралы» және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңдарының талаптарына сәйкес өз өкілеттігі шеңберінде бірқатар жоспарлы және жоспар-дан тыс тексерулер жүргізді. Есепті кезең ішінде аймақтағы 176 кәсіпкерлік субъекті қамтылып, олардың 120-ға жуығынан заңнама талаптарының бұзылуы анықталған. Сауда саласында заң нор-маларын бұзу фактілері бойынша 29 кәсіпкерге ескерту беріліп, 22 нұсқама рәсімделген. Соны-мен бірге, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодекс негізінде 69 кәсіпкерге жалпы сомасы 1,3 миллион теңге көлемінде айыппұл салынды. Бұл көрсеткіш өңірдегі кәсіпкерлік субъектілерінің заңнаманы сақтау деңгейін арттыру қажет екенін айғақтайды.

– Тұтынушылардың құқықтарын қорғау са-ласы бойынша есепті кезеңде азаматтардан олардың құқықтарының бұзылуына қатысты 770 өтініш түсті. Бұл өткен жылдың осы кезеңіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 2,1 есе жоғары (366 өтініш).

Жүргізілген салааралық талдау өтініштің 64,5%-ы бөлшек сауда саласына тиесілі екенін көрсетті. Мұндай шағымдардың негізгі себептері: сапасыз тауарды қайтарудан немесе айырбаста-удан бас тарту, 14 күн ішінде тауарды айырба-стау тәртібінің орындалмауы, тұтынушыларды жаңылыстыру және сапасыз тауар ұсыну.

Электрондық сауда саласы бойынша 54 өтініш (7%) тіркеліп, олар негізінен онлайн тап-сырыс кезінде тұтынушыларды алдау, сапа-сыз тауар жеткізу немесе тауарды қайтарудан бас тарту мәселелеріне байланысты болды. Қоғамдық тамақтану орындарына қатысты 35 өтініш (4,5%) түсіп, олардың ішінде сапасыз тағам өнімдері, жарамдылық және сақтау мерзімдерінің сақталмауы секілді шағымдар басым. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы бойынша 15 өтініш (1,9%) тіркеліп, негізгісі төлем есептеу және қызмет көрсетуін тиісті деңгейде болмауы секілді проблемалар көтерілген.

Түскен өтініштер заңнама талаптарына сәйкес қаралып, олардың 392-сі тұтынушылардың пай-дасына шешілді. Сонымен бірге 48 өтініш бойын-ша түсіндіру жұмыстары жүргізілді, 258 өтініш мазмұнына қарай басқа уәкілетті мемлекеттік



органдарға жолданды. Ал 67 өтініш өтініш иелері тарапынан өз еркімен қайтарып алынды.

Жүргізілген шаралар нәтижесінде тұтынушы-ларға жалпы сомасы 21 миллион теңге болатын қаражат қайтарылды, – дейді департамент басшы-сы Еркасым Жайбергеноұлы.

Сонымен қатар нарық субъектілерінің қыз-метін бақылау мақсатында қосымша 54 тексеру жүргізіліп, 0,5 миллион теңге көлемінде айыппұл салынған.

Алдағы кезеңде департаменттің жұмыс ба-ғыты тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйе-сін жетілдіруге, профилактикалық шараларды күшейтуге, кәсіпкерлер арасында құқықтық мәде-ниетті арттыруға бағытталмақ.

Қазіргі уақытта Мәжілісте қаралып жатқан «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау тура-лы» жаңа заң жобасында Омбудсмен институтын енгізу ұсынылған. Бұл институт тұтынушылар құқығын қорғау саласындағы жүйелі проблемалар-ды шешуді жаңа деңгейге көтеріп, азаматтардың құқықтарын сотқа дейін тиімді қорғауға жол ашпақ. Екі сатылы шағымдану жүйесіне көшу де – уақыт талабы.

Департамент алдағы кезеңде де тұтынушылар-дың құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстарды жандандырып, өңірдегі нарықтың ашық әрі әділ қызмет етуіне ықпал етуді жалғастыра бермек.

Нұршат НЫШАНОВА

ТАРИХҚА СӘУЛЕ ТҮСІРГЕН ЕҢБЕК: АЙТБАЙ МЕШІТІНІҢ 150 ЖЫЛДЫҚ ІЗІ

Жуырда журналист Нұрсұлтан Мыктыбай мен имам Асхат Асқарұлының бірлесіп жазған «Айтбай мешіті: аңыз бен ақиқат» атты кітабы қолыма тиді. Бұл еңбек жарық көрген сәттен-ақ өңір тарихын зерттеушілердің назарын аударып, жаңаша пайым қалыптастырды.

Кітапты оқи отырып, ондағы мәліметтердің те-реңдігі мен архивтік деректің молдығына арнайы тоқталуды жөн көрдім. Зерттеу жұмысына сегіз ай жұмсалғаны да тегін емес. Авторлар бұрын еш жер-де жарияланбаған құжаттар мен тарихи фотосуреттерге сүйеніп, мешіттің шынайы тарихын жүйелі түрде қайта құрастырған. Әсіресе «Айтбай» мешітінің салынуы жөнінде бұған дейін тараған қате деректі түзетіп, нақты дәлелмен көрсетуі еңбектің негізгі құндылығын айқындап тұрғандай.

Шыны керек, жылдар бойы дау тудырған бір мәселе бар. Ол – «Айтбай» мешітін кім салғаны жөніндегі екіұдай пікір. Жаңа кітапта бұл дауға нүкте қоятындай дерек жеткізілді. Тіпті талай жорамалдың шындыққа жанаспайтыны дәлелденген. Тарихта мешіт салдырды дейтін бірнеше Айтбай де-ген кісінің болғаны да негізге алынған. Әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, архивтегі құжат арқылы Айтбай Балтабайұлы салғанын дәлелдеген. Ол кісі – Сыр өңірінің төл перзенті, қазақ азаматы осы аймаққа белгілі меценат болған адам. Оның әулетінің Бұхарамен тұрақты сауда байланысы болғандықтан, зерттеушілер арасында «өзбек» деген жаңсақ пайым тараған.



Еңбекте Айтбай Балтабайұлы әулетінің тағдыры да кеңінен баяндалады. Қуғын-сүргін жыл-дары олардың мал-мүлкі, өндіріс орындары түгелдей тәркіленіп, ақыры туған жерден кетуге мәжбүр болғаны айтылады. Ал-дымен әулет Ташкентке қоныс ау-дарып, кейін тарихи жағдайларға байланысты кейбірі тегін өзгертіп, тыныштық таппаған бөлігі Ауғанстанға өтіп кет-кен. Бұл – сол дәуірде мыңдаған қазақ отбасы бастан кешкен ауыр тарихтың бір көрінісі.

Кітап авторлары Ташкент-ке барған сапарында Айтбай атаның ұрпақтарымен жүздесуге тырысып, ұзақ жыл бойы сақталған сирек суреттер мен ауызша шежірені жинақтаған. Осы материалдардың барлығы жаңадан жарық көрген зерттеу-ге енгізіліп отыр. Еңбекте «Айт-бай» мешітінің 150 жылдық ғұмырын толық қамтуға талпы-ныс байқалады. Материалдар хронологиялық ретпен беріліп, әр кезеңдегі өзгерістер жеке талданып, архив құжаттарымен дәлелденген. Бұрын жария-ланбаған ақпараттардың молдығы кітапты тек тарихи шолу емес, энциклопедиялық сипаттағы еңбек деңгейіне көтереді. Та-


рих деректің ара-сында көпшілік біле бермейтін бір оқиға бар. 1988 жылдың қаң-тарында мешіт ғимаратын об-лыстық филармо-нияға беріп, оны камералық музыкаға арналған залға айнал-дыру туралы шешім қабылданады. Тіпті алғашқы концерт да-йындықтары жасалып

қойылған екен. Дегенмен бұл бастаманың жүзеге аспауына мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің тікелей араласуы себеп болған. Ол мешіттің тарихи маңызын қорғап, ғимараттың өз болмысын сақтап қалуға қол жеткізген. Бұл жайт – кітаптағы ең мәнді деректің бірі.

«Айтбай мешіті: аңыз бен ақиқат» – бір мешіттің ғана та-рихын емес, тұтас өңірдің рух-хани, мәдени және қоғамдық дамуын қамтитын еңбек. Мешіт тағдыры арқылы өткен ғасырдағы саяси ауыртпалықтар, діни-ағартушылық қызмет және ел үшін тер төккен тұлғалар тари-хы жаңаша сипатта ашылады. Жылдар бойы айтылып кел-ген түрлі жорамал мен күмәнді мәліметтерді талдап, олардың шынайы жауабын ұсыну – ав-торлар еңбегінің үлкен жетістігі. Осы кітап арқылы өткеннің көмескі дерегі қайта тіріліп, өңір тарихының беймәлім тұстары нақты дәлелмен толықтырылды. Сол себепті де бұл кітап қарапайым оқырманның ғана олжасы емес, ғылыми һәм діни ортаның да құнды туындысы деп айтуға болады.

ӘЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

Басы 1-бетте



Кей мамандар подкасты «қазіргі заманның тәрбие құралы» десе, енді бір деректе ол нақты жанрға жатпайтын еркін формат ретінде көрсетіледі. Шын мәнінде, подкасттың артықшылығы да осында: оны жасауға қатаң талап та, қатаң шектеу де жоқ. Автор еркін форматты таңдап, ойына келген тақырыпты талқылай алады. Осы себепті подкастинг жаһандық деңгейде де, елімізде де серпінді дамып келеді.

Осы жыл жоғарыда атап өткендей «подкастинг жылына» айналғандай. Бұлай деуге бір емес, бірнеше себеп бар. Оның бірі актриса Дариға Бадықованың экс-күйеуі Дархан Мұсаевтың YouTube платформасындағы «Уақыт көрсетеді» арнасында Нұрсейіт Жылқышыбайға берген сұхбаты. Әлеуметтік желінің қайсын ашсаң да көпшіліктің көлдей жазбасы осы сұхбаттың айналасында өрбиді. Пікірталас тудырған бұл подкаст небәрі бір айдың ішінде 1,4 миллион қаралым жинаған екен. Жуырда ғана Дариға Бадықованың продюсерлігімен түсірілген «Ыстық ұя» атты кезекті фильм жарыққа шыққан еді. Осынау фильммен жарыса жарияланған экс-күйеудің сұхбаты ел ішін демде екіге бөліп тастады. Бір топ Дариғаны қолдаса, енді бір тобы Дарханның сойлыын соғып, фильмге бармауға үгіттеп бақты. Соған қарамастан аталған фильм 1 миллиард 755 миллионға жуық қасса жинап, Қазақстанның кино тарихында «миллиард» фильмдер» тізімінде екінші орынға жайғасты. Дәл осы тізімде бірінші орында да Дариға Бадықова алғаш рет продюсерлік еткен «Таптым-ау сені 1» фильмі 1 миллиард 835 миллион қасса жинап, көш бастап тұрғанын айтуға болады.

Подкастка оралайық. Сұхбат арасында Дархан Мұсаев Дариға екеуінің шаңырағындағы қыз баланың туған перзенті емес екені жайлы ақпаратты жайып салды. Ізінше қоғам белсендісі Айгүл Орынбек бала асырап алу құпиясын жалпыға жария еткені үшін Дарханның үстінен құқық қорғау органдарына ресми арыз жолдады. Қоғам белсендісінің айтуынша, бұл отбасылық құпияны бұзу – тек әдепсіздік емес, ҚР Қылмыстық кодексінің 146-бабы, яки «Бала асырап алу құпиясын жария ету» және 147-бабы, дәлірек айтқанда «Жеке өмірге қол сұғу» бойынша нақты қылмыстық жауапкершілікке әкелетін әрекет. Сонымен қатар Айгүл Орынбек өз жазбасында сұхбат алушы журналисті де қатаң сынға алды. «Рейтинг үшін

АТЫҢ ШЫҚПАСА ПОДКАСТ ЖАСА

біреудің тағдырын талқыға салу – кәсіби абыройға көлеңге түсіреді» деді ол.

Т а н ы м а л әзілкеш Тұрсынбек Қабатовтың экс-жұбайы Мөлдір Мұқанованың сұхбаты да желі беттерінде шұға ұласты. Журналист Жанар Байсеміздің YouTube арнасында жарияланған подкаст бір ай ішінде 3,6 миллион қаралым жинаған. Жаппай талқылауға түскен сұхбат желісі жұбайлар арасындағы жанжал мен «тоқал» тақырыбында өрбиді. Бір шаңырақ астындағы 14 жылдың оқиғасы көптің көңілін толқытты. Алайда көрерменнің басым бөлігі оның әрекетін фильм алдындағы хайпқа балады. Себебі ізінше Мөлдірдің продюсерлігімен «Шай в большом городе» атты фильм прокатқа шыққан болатын. Бүгінге дейін кинотеатрлардың экранында көрсетілімі жалғасып жатқан фильмді мақтаушылар да, дағтаушылар да табылды. Мәселен Тұрсынбек құрған

– Қанат Тілеухан өзі қатарлы қаламгерлер арасында әйел жанын түсініп, өзінің шығармаларында әйел қауымын әспеттеген, әйелге құрмет көрсетіп, үлкен образдар жасаған жақсы қаламгер. Мықты жазушы. Оны бас салып басын мүжуге кіріскендер Қанаттың бірде-бір шығармасын оқымаған ба, сонда? – деп ренішін білдірді.

Иә, жазушы Қанат Тілеуханның «Шатырдағы әйел» атты кітабын толық оқып шыққан адам оны кінәлауға асықпас еді. Алайда көптің көзқарасын өзгерту оңай дүние емес.

Ақын Бақыт Беделханның аталған сұхбатының толық нұсқасын тыңдаған жан үшін санасына тоқып, түрткіп алар дүние көп-ақ. Мәселен дәл осы подкаста әдебиет әлеміндегі түрлі жанрлар жайынан бастап, қазақ дүниетанымы, ұлы тұлғалардың ұстанымы, олардың басынан өткерген оқиғалары жайлы ақпараттар айтылғанын аңғардық. Тереңіне үңілесек көкірек көзін ашатын тәрбиелік һәм таным мен тағылымға толы рухани сұхбат екенін түсінер едік. Зу ете қалған минуттық бейнежазбаға шу ете қалғанымызға жол болсын! Байыбына бармай бас салып балағаттауға дайын, бір деңгейде

жариялаған жазбаларына кері пікірлер жазып жатқанын аңғардық. Бұл іске сазгер дүниеден өткен уақытта айтқан бір ауыз сөзі себепші болар деп топшыладық.

Нақтырақ айтқанда 2023 жылдың басында белгілі композитор Арман Дүйсенов өмірден өткен болатын. Араға жыл салып, 2024 жылы сазгердің үлкен ұлы Абылай Арманұлы да қапыда көз жұмған еді. Қос қаза жайлы шындықтың шетін сазгердің жұбайы Айсұлу Айданқызы жоғарыда аталған подкаста ашып айтқандай болды. Осыдан соң-ақ желідегі көпшілік қауым бұл іске заңгер Мейірман Шекеевтің көмек

қолын созуын өтіне бастады. Алайда қос тараптың келісуімен заңгер кеңсесінде барлық жайды баяндап берген Айсұлу Айданқызы кенеттен шешімін өзгертіп, заңгердің бұл іспен айналысуынан үзілді-кесілді бас тартқан.

– Құрметті достар, сіздердің өтініштеріңізбен Арман Дүйсеновтің әйелі Айсұлу ханым осында келіп, істің мән-жайын баяндады. Десе де біраз уақыт өткеннен кейін Айсұлу ханым менен бұл іске өкіл ретінде қатыспауымды сұрады. Бұның артында «Аты жоқ» адам тұрғанын сеземін.

Қоғамның мүшесі ретінде және мұндай қиын жағдайда бейжай қалмайтын азамат ретінде бұл істі мен өзімнің назарымнан тыс қалдырмаймын. Айсұлу ханымға қандай да бір қатер төнетін болса, мен қол үшін беруге дайынмын.

Мейірман істі тастап кетіпті, болмаса қорқып қалыпты деген сияқты түрлі әңгіме тарамас үшін, алдарыңызға шығып, шындықты айтулы жөн көрдім. Біз бұл іске Руслан Өтепбай екеуіміз мұқтаж да емес

едік. Тек бар ниетіміз қолдан келгенше көмектесу еді. Халықтың өтінішін жерге тастамау еді. Ал іске біздің қатысқанымызды қаламаған «аты жоқ адам» жақында өзін білдірер, – деді Мейірман Шекеев.

Осынау мәлімдемеден кейін көпшілік үшін «Аты жоқ» адам қызықты һәм үрейлі тақырыпқа айналып үлгерді. Бәлкім заңгер айтқандай бұл жұмбақтың да сыры ашылар күн алыс емес болар, кім білсін...

Подкаст тақырыбына оралайық. Бір айта кететін жайт, сұхбат алушы подкастерлер қатарында кәсіби журналистер де, қоғам белсенділері де, тіпті блогерлер де бар. Өрине әркімнің қозғайтын тақырыбы мен қонағына қояр сұрағы өз деңгейінен хабар береді. Алайда «шымшық сойса да қасапшы сойсын» деген сөз бекер айтылмағанын мойындау қажет. Бұл жөнінде кәсіпкер-журналист Динара Сәтжан былай дейді:

– Иә, подкаст деген көп. Бірақ блогерлер ешқашан журналистер сияқты ойланып, олар сияқты сұрақ қоя алмайды. Біз алдымызға келген кейіпкерді жан-жақты ашамыз. Сондықтан блогерлер бізге бәсекелес емес. Журналист адамды зерттейді, кейіпкерді ашады. Блогер мен журналисті салыстырудың қажеті жоқ, – дейді тілші.

Подкаст жасау барысында автор кез келген тақырыпты қозғай алады, ғылыми талқылау, психология, дін, өнер, қоғам, тіпті жеңіл әңгіме – барлығы автор қалауы. Бірақ маңызды бір жайт, қандай тақырып тандасанды, сіздің аудиторияңыз да соған сай қалыптасады. Жеңіл-желпі әңгіме айтсаңыз – жеңіл контентті ұнататындар, терең ой қозғалса – ізденуші тыңдаушылар жиналады. Яғни подкастер өз аудиториясын өзі айқындайды.

Подкастинг – бүгінгі заманның еркін ой алаңы. Ақпарат алуға да, пайдалы контент таратуға да таптырмас құрал. Сондықтан подкасты тиімді пайдаланып, тыңдарманға да, қоғамға да пайдалы дүниелер өндіру – әр подкастердің мақсаты болуы тиіс.

Қорытындылай келе сөз соңын Шәкәрім Құдайбердіұлының нақылымен тәмамдайық. Сөзінді түзе, әдетіне айналады, әдетің – мінезіңе айналады, ал мінезің – сенің тағдырың. Жақсы сөз сөйлейік, жақсы сөз тыңдайық!

Тілек ҚАБЫЛ



театр актеры Қайрат Әділгерейдің жұбайы Бақыт Тұрман аталған фильм жайында жеке пікірін білдіремін деп, соны Мөлдір Мұқановамен арадағы кикілжіңге ұласты. Көп өтпей-ақ әнші Қыдырәлі Болманов жаңа туындыға оң бағасын беріп, ақ тілегін арнады.

Екінші тарапқа назар аударып едік, Тұрсынбек Қабатов Instagram желісінде сторис арқылы ғана қарсылығын білдіріп, балаларын қара тізімге салғаны жайлы ақпаратты өтірікке шығарды. Алайда аталған сұхбаттан кейін халық әзілкешке жаппай бойкот жариялап, концертіне барудан бас тартты. Тіпті желі беттеріне «Отбасыма Тұрсынбектің концертіне түгелдей билет алып беріп едім, енді бармаймыз, билетті кері өткіземіз» деген жазбаны да көзіміз шалып қалды.

Қош. Әр үйдің сыры басқа. Сөз еткіміз келгені өзгенің отбасы емес, өзекті тақырыпқа айналған сұхбаттар. Жазушы Қанат Тілеуханның YouTube арнасында ақын Бақыт Беделханмен құрған сұхбаты да назарымызды еріксіз бұрып әкетті. Әлеуметтік желі беттерінде әйелдерге қатысты айтылған бейнажазба қиындысы елді дүрліктіріп, желдей ескені жасырын емес. Тіпті сұхбат алушының тарапына да тас лақтырғандар табылды. Бірі мұнда көтерген мәселені «гендерлік арандату» десе, енді бірі «журналист бейтарап болуы керек» деген сынайда пікірін жазған.

Facebook желісінде ақын Ербол Алшынбай:

ғана ойланатын тобырға айналып бара жатқандаймыз. Бір ит көріп үреді, бір ит еріп үреді. «Өттен» дейсің осындайда...

Сазгер Арман Дүйсеновтың жұбайы Айсұлу Айданқызының сұхбаты да көпшіліктің көкейіне көп сұрақ ұялатқан подкастардың бірі. Сұхбат барысында спикер жары Арман Дүйсеновтің қазасына қатысты жайттарды астарлап һәм тұспалдап айтқанымен, мұнда кім жайлы айтылғанын ел түсініп қойған іспетті. Көрермен әнші Индира Елеместің паракшасына жаппай шабуыл жасап,



МЕДИЦИНА АРДАГЕРІНІҢ МЕРЕЙТОЙЫ

Жуырда медицина саласының ардагері, дәрігер-ұстаз Раиса Әбдешқызының 80 жылдық мерейтойына арналған «Сапалы медициналық көмек – медициналық білім берудегі оқыту тәсілдерін жаңғырту мен кәсіби құзыреттілікті дамыту нәтижесі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Конференция Раиса Әбдешқызының өнегелі өмірі мен кәсіби жетістіктерін баяндайтын деректі фильмнің көрсетілімінен басталды.

Жиынның модераторы, облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақов ұстаздың еңбегін ұлықтап, іс-шараның маңаызына тоқталды. Салтанатты бөлімде облыс әкімінің орынбаса-



ры Мейрамбек Шермағанбет сөз алып, аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының арнайы құттықтауын жеткізді. Мерейтой иесінің иығына шапан жауып, құрмет көрсетті. Соны-

мен қатар Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Шәріпбайқызының ыстық сәлемі мен құттықтау хаты табысталды.

Қызылорда облысының Құрметті

азаматы, денсаулық саласының ардагері Жұранбай Маханұлы, педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының басқарма төрағасы Абай Зікриязұл және Қызылорда облысының құрметті азаматы, білім саласының ардагері Әліма Жакыпқызы, Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары директорлар кеңесінің төрағасы Болатбек Әбиұлына сөз беріп, Раиса Әбдешқызының әріптестері ақ тілектерін жолдап, ғибратты ғұмыр иесінің асыл қасиеттерін сөз етті. Облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Бекжан Есенбаев та бас ұстаз Асқарбек Есжановтың құттықтауын жеткізді.

Осы орайда Раиса Әбдешқызының тұлғалық қасиеті туралы Болат Күлімбет айтып берді.

– Раиса Әбдешқызымен 1974 жылдан бері қызметтес болдық. Ол кісінің талапшылығы дәрігер болуыма қатты әсер етті. Ол өз саласын жетік меңгерген. Раиса Әбдешқызы

қандай жағдай болса да әділ шешім қабылдайтын. Біз ол кісіні ерекше эталон көрдік. Бұрынғы оқушылар ұстаздарын қалай құрметтесе бізде соншалықты Раиса Әбдешқызын сыйлайтынбыз. Медициналық колледжде ауысқан кезімде жанымда қарындасыммен бірге жұмыс істеді. Отбасымызбен араласатын едік. Ол кісінің бауырмалдығын сол кезде байқадым. Бұл қасиеттерінен қазір де айырылған емес. Қазір де елде абыройы өте зор. Шиеліден кеткеніне 30 жылдан асты. Алайда Әбдешованың тегін атасаң бәрі тік тұрады. Сол себепті Раиса Әбдешқызымен бірге қызмет атқарғанымыз үшін мақтанамыз, – деді ол.

Салтанатты іс-шара колледж оқытушыларының орындауындағы «Ұстазым менің, ұстазым!» әнімен әрленіп, жұмыс барысы пленарлық отырысқа ұласты.

Мерей ШӨКРАТ



«ЕКІ ҒҰМЫР»

ҚОЙЫЛЫМЫНЫҢ ПРЕМЬЕРАСЫ ӨТТІ

Арқа төсінде «Заң және Тәртіп» қағидаты аясында «Музыкалық жас көрермен театры» әлеуметтік драма жанрында «Екі ғұмыр» атты жаңа қойылымының премьерасын қойды. Премьераның негізгі мақсаты – жас ұрпақ арасында есірткіге қарсы иммунитет қалыптастыру, зиянды әдеттердің қаупін көрсету.

«Екі ғұмыр» – қазіргі қоғамда жиі кездесетін әлеуметтік түйткілдер, отбасы ішіндегі күрделі қарым-қатынастар мен адамгершілік таңдауларды терең бейнелейтін мазмұнды драма. Қойылым ел алдында сыйлы азамат Жұмағұл Садұақасұлының отбасындағы күрделі жағдайды көрсете отырып, қоғамдағы өзекті мәселелерді көзғайды.


Қойылымның қоюшы-режиссері – Бауыржан Нұрбай, сахна суретшісі – Айдана Еңгебай, костюм суретшісі – Инкәр Кәрімова, қоюшы хореограф

– Айгүл Амандықова, жарық суретшісі – Ермек Мұхтарұлы, дыбыс режиссерлері – Дастан Мерғалиев пен Асылжан Асқаров, режиссердің көмекшісі – Айдана Жетешова.

Режиссер Бауыржан Нұрбай қойылымның идеясы туралы баяндап, қазіргі қоғамдағы жаман әдеттерден жастарды сақтандыру керек екенін айтып өтті.

– Оқиға әке мен баланың қарым-қатынасын және оларды қалыптастыратын ортаны суреттейді. Бұл ортада қыздың әкесіне деген махаббаты ерекше орын алады. Бастапқыда ол әкесін ең керемет, ең жақын жан деп қабылдайды. Алайда уақыт өте келе әкесінің қоғамның улануына, жастардың есірткіге тәуелді болуына және лудоманияның күшеюіне үлес қосып жүргенін біледі. Осы шындықты түсінген сәтте баланың әкесіне деген көзқарасы түбегейлі өзгереді, – делі ол.

«АЖ-ақпарат»



• БІЗДІҢ БАЛА...

Білімге құштар Хамида

Білімге құмар бала кішкентайынан қабілетін көрсетеді. Иә, расымен солай. №167 орта мектептің оқушысы, дарынды бала Хамида Марленқызы – сөзіміздің айқын дәлелі. Ол өзінің терең білімімен және ерекше қабілетімен көзге түсіп, мектеп ұжымының мақтанышына айналды. Оның үздік оқушы атануының сыры – тек қана жоғары бағалар емес, сонымен бірге білімге деген шексіз құштарлығы және күнделікті тынымсыз еңбегі.

Хамида – оқу үлгерімінде әрқашан тек бестік бағаға оқып, ерекше ынтасы әсіресе математика, информатика, ағылшын тілі пәндерінде айқын көрінеді. Ол мектепшілік «Алтын сақа» олимпиадасындағы III дәрежелі жүлдесінің иегері, «Ақбота» олимпиадасынан ағылшын тілі пәні бойынша жеңімпаз, сондай-ақ топтық робототехникадан аудандық, об-

лыстық сайыста бас жүлдені қанжығасына байлаған. Ізденімпаз жас аудандық 2-7 сыныптар арасында өткен «Зерде» ғылыми жоба байқауының «Технология және өнер» секциясы аясында, еңбекке баулу пәнінен «Киіз басу өнері» тақырыбында топ жарып, облыстық сайысқа жолдама алды.

– Хамида – біздің мектептегі ең жарқын оқушылардың бірі. Ол – ерекше дарынды және еңбекқор қыз. Әрбір тапсырмаға жауапкершілікпен қарайды. Біз оның келешегінен зор үміт күтеміз, – дейді сынып жетекшісі Айнұр Тұрарқызы.

Алдағы уақытта Хамидаға облыстық ғылыми жобаға сәттілік тілей отырып, осы жетістіктерімен шектеліп қалмай, болашақта да биік белестерді бағындыратынына сенеміз.

Нұрбала ІЛИЯСОВА,

№167 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

• 6 ЖЕЛТОҚСАН – ПРОКУРАТУРА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ КҮНІ

ЗАҢ – ӘДІЛЕТ ТАРАЗЫСЫ

6 желтоқсан – Прокуратура күні. Прокуратура – Республикада жоғары қадағалау қызметін жүзеге асыратын жалғыз мемлекеттік орган. Заңды мен құқықтың ұлықтылығын қамтамасыз етуде, әділетті қоғам құруда басты рөл атқаратын сала қызметкерлерінің жұмысы аса маңызды. Қателікке бой алдырмай, босанудың кешірмейтін саланың мамандарына да құрмет әрқашан жоғары.

Прокуратура органдары қызметкерлерінің жоғары кәсіпқойлығы, олардың өз ісіне берілгендігі мен адалдығы, кез келген заң бұзушылыққа ымырасыз көзқарасы және көтеріңкі жауапкершілігі азаматтарға заңның жеңісіне деген сенімін сақтауға көмектеседі.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Қызылордада «AMANAT» партиясы облыстық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі аймақтық кеңестің отырысы өтті. Кеңес отырысында Қызылорда қаласы әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссиясы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының аймақта 2025 жылы іске асырылу барысы қаралды.

Басқосуға облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай, Қазақстан мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының міндетін атқарушы Мирамкүл Бибітова, Қызылорда

қаласы әкімі аппаратының басшысы Мұрат Тасқараев, кеңес мүшелері және партияның қалалық филиалының атқарушы хатшысы Гүлшат Мұсаева мен партияның қалалық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Мейрамбек Есжанов қатысты.

Кеңес төрағасы Мақсұт Нәлібаев Мемлекет басшысының биылғы Жолдауындағы «Заң және тәртіп» қағидасы құқық бұзушылыққа жол бермеу, заңсыздыққа қарсы тұру деген ұстанымы мемлекетіміздің мызғымас тұғыры екенін тілге тиек етіп, бұл мәселе партияның ерекше бақылауында тұрғанына ерекше тоқталды. Соған сәйкес партия жанынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша кеңес пен партиялық бақылау комиссиясы жұмыс атқаратынын, жиын барысында түскен ұсыныстар тиісті органдарға жолданатынын атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қызылорда қаласы әкімі аппаратының басшысы Мұрат Тасқараев хабарлама жасап, атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

– Бұл мәселе тұрақты назарда тұр. Қала әкімдігінің құрылымында «Ашық әкімдік» («Open Space») форматы қолданысқа енгізіліп, бүгінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында қала әкімдігіне қарасты Тасбөгет кенті мен Ақсуат, Ақжарма, Қосшынырау, Қарауылтөбе, Қызылөзек ауылдық округ әкімдерінің аппараттарының ғимараттары «Ашық әкімдік» форматына көшіріліп. Бұл бастама мемлекеттік органдар мен тұрғындар арасындағы кедергілерді жою бағытында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға өз септігін тигізіп жатыр, – деді Мұрат Тасқараев.

Аппарат басшысының айтуынша,



сыбайластық сипатындағы құқық бұзушылықтарды болдырмау бағытында қала әкімдігі құрылымындағы барлық мекемеде профилактикалық жұмыстар ұйымдастырып, басшылар мен лауазымды тұлғалардың жауапкершіліктерін арттыру көзделген. Осы мақсатта Қызылорда қаласы әкімдігінің Әдеп жөніндегі уәкілінің функциясы аппарат басшысына жүктелген. Қызылорда қаласы әкімдігі жанында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияның 2025 жылға арнайы жұмыс жоспары бекітіліп, жоспар аясында комиссияның отырысында әлеуметтік салада, бизнес қоғамдастығында және жалпы қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстар туралы мәселелер қаралды.

Сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қоғам тарапынан қадағалау шараларын арттыру мақсатында қала әкімі жанынан арнайы комиссиялар жұмыс істейді. Соның бірі –

жер комиссиясы құрамы кәсіпкерлер мен қоғам белсенділерінен және азаматтық қоғам өкілдерінен жасакталған. Әрбір комиссия отырысы бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен интернет ресурстарында тікелей көрсетілім арқылы ашық түрде өтіп жатыр. Бүгінде жер қатынастары саласындағы барлық құжат айналым «Бір терезе» қағидасы бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» арқылы жүргізіліп жатыр.

Тұрғындарды көп толғандыратын жеке тұрғын үй құрылысы үшін берілетін жер телімдері мен тұрғын үй кезегіне тіркелген азаматтардың реттілігі туралы ақпараттар қала әкімдігінің ресми сайтында, жергілікті баспасөз беттерінде және арнайы «Kеzekte.kz» сайтында жарияланып, өз мерзімінде жаңартылып жатқаны айтылды.

Бұған қоса қоғаммен ашық байланыс орнату үшін «Open Қызылорда» жобасы жұмыс істеуде. Жыл басынан бері аталған жоба бойынша әлеуметтік

желілер мен хабарламалар арқылы тұрғындардан 1 300-ден астам өтініш түсіп, тиісті сала мамандарымен дер кезінде нақты жауаптар берілген. Кейінгі 3 жылда аталған жоба арқылы 20 мыңға жуық тұрғынның ұсыныс-пікірлері тыңдалып, халық пен билік арасында ашық диалог орнатудың ең тиімді тәсіліне айналған.

Жалпы 2025 жылы қала әкімдігімен 80 қызмет түрі бойынша 126 мың 905 мемлекеттік қызмет көрсетілсе, оның 40%-ы «Электрондық үкімет порталы» арқылы жүргізілген. Оның ішінде соңғы 4 жылда электронды түрде көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны 2 есеге артқан. Қызылорда қаласы әкімі аппаратының басшысы бұл өз кезегінде жауапты мамандардың жеке және заңды тұлғалармен тікелей қарым-қатынасын болдырмауға, уақытылы және сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуге мүмкіндік беріп отырғанын жеткізді.

Осы орайда айта кету керек, комиссия халық арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыру мақсатында жергілікті телеарналардан 50 сюжет, жергілікті баспасөз беттерінен 35 мақала, әлеуметтік желілер арқылы посттар мен инфографикалар жариялаған. Сонымен қатар халық көп шоғырланатын орындарда, әлеуметтік нысандар мен қала көшелерінде орналасқан ЛЭД экрандармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы әлеуметтік бейнероликтер тұрақты түрде көрсетіліп жатыр. Мұнан бөлек, «Арыңды сатпа!», «Пара туралы хабарла», «Барынды бағала, «Пара берме» тақырыптарында арнайы сыртқы көрнекі ақпараттық билбордтар орналастырған.

Жинда филиал төрағасы Жандос Базартай және Кеңес мүшелері тиісті жұмысты жетілдіру бағытындағы ойларын ортаға салып, нақты ұсыныстарын жеткізді. Көтерілген ұсыныстар хаттамаланып, тиісті органдарға жолданды.

Қуаныш АРҚА



«Заң мен тәртіп» иделогиясын ілгерлету мақсатында Ішкі істер министрлігі 20 қазан мен 19 қараша аралығында республика бойынша «Браконьер» жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізді.

Басты мақсаты – табиғатты қорғау заңнамаларын сақтау, браконьерлік және биологиялық ресурстар объектілерінің заңсыз айналымын анықтау және жолын кесу. Нәтижесінде, табиғатты қорғау заңнамасын бұзудың 4 мыңнан астам дерегі анықталып, оның ішінде 93 қылмыс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары басталды.

25 қазан күні Ақмола облысының Егіндікөл ауданында автокөлікті тексеру барысында 33 жабайы қаз бен аңшының қаруы табылып, тәркіленді.

4 мыңнан астам құқық бұзушы жауапкершілікке тартылды

Күдіктіде рұқсат құжаттары болмаған. Бұл дерек бойынша заңсыз аңшылық бабымен қылмыстық іс қозғалды. Сонымен қатар 4 мыңнан астам құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Жалпы алғанда аңшылық ережелерін бұзғаны үшін 2 мыңнан астам, балық аулау ережелерін бұзған 627 және басқа құқық бұзушылықтар үшін 685 құқық бұзушылық тіркеліп, 39 миллион теңгеден астам айыппұл салынған.

Іс-шара жүргізу барысында 258 текше метр заңсыз дайындалған ағаш, 4 тоннадан астам балық, 255 дана киік мүйізі, 11,6 шақырым тыйым салынған аулау құралдары, одан басқа 358 дана аңшылық қару, оның ішінде Ішкі істер органдарында тіркелмеген 120 қару тәркіленді.

«АЖ-ақпарат»

Павлодарда белгісіз адамдар өздерін энергетикалық орталықтың қызметкері ретінде таныстырып, зейнеткерге қоңырау шалған. Зейнеткер есептегіштердің тексерілуі туралы әңгімеге сеніп, сілтемелер бойынша өтіп, алаяқтарға 24 млн теңге аудармақ болған.

ЗЕЙНЕТКЕРДІ АЛАЯҚТАРДАН ҚҰТҚАРЫП ҚАЛДЫ

Алаяқтар зейнеткерге есептегіштің тексеріліп, пломбаланатынын айтып, 1414 сервисінен келген кодты беруді сұраған. Ешнәрседен хабары жоқ зейнеткер көрсетілген кодты айтқан және өзінде бір банкте үлкен депозит бар екенін хабарлаған.

Кейіннен зейнеткерге банк атынан қоңырау шалып, алаяқтардың оның ақшасын иемденгісі келетінін және ақшаны қауіпсіз шотқа аудару қажет екенін жеткізді. Одан кейін курьер келетінін, оған ақшаны беру керектігін түсіндірген. Зейнеткер еш ойланбастан депозитінен 24 млн теңге алып, 800 мың теңге комиссияны

төлеп, үйіне оралып әрі қарайғы нұсқауларды күтті. Артынша, зейнеткер құрбысына қоңаққа барып мән-жайды айтқанда, досы күдіктеніп, уәдесіне инспекторға хабарласқан.

– Қазіргі уақытта алаяқтық дерегі бойынша тергеу басталды. Қоңырау шалған алаяқтардың абоненттік нөмірлері анықталып, күдіктілер іздестірілуде, – делі Павлодар облысы ПД

киберқылмыспен күрес басқармасының бастығы Асхат Абетжанов.

– Барлығы телефон қоңырауынан басталды, әрі қарай түс секілді болды. Тек полицияның жедел әрекеттері мен құрбымының саяқты көрсеткенінің арқасында үлкен соманы ұрлатпай, ақшамды қайтаруға мүмкіндік туды, – дейді зейнеткер Лидия Федоровна.

Полиция азаматтарға ешбір мемлекеттік орган ақшаны сақтау үшін алмайтынын және курьер жібермейтінін ескертті. Мұндай қоңыраулардың бәрі – алаяқтық.

«АЖ-ақпарат»

ТЕЗ ТАБЫС, АУЫР ЖАЗА, НЕМЕСЕ ЭКОНОМИКАНЫҢ КӨЛЕҢКЕСІН ТАСАЛАҒАН ДРОППЕРЛЕР

Басы 1-бетте

Ең екiнiштiсi, көпшiлiк әлi күнге дейiн дропперлiк жүйенiң қалай жұмыс iстейтiнiн, оның кiмге қызмет ететiнiн және қандай құқықтық, қаржылық қауiпке жол ашатынын толық түсiнбейдi. Бiрi оны жай ғана интернеттегi делдал ретiнде көредi. Шындығына келгенде дәл осы схема қаржы қауiпсiздiгiне төнген жүйелi қатер мен қоғамдағы сенiм институтын құлататын көлеңкелi механизмге айналғаны қашан. Ал алаяқтардың дәл осы ақпараттық олқылықты тиiмдi пайдаланып отырғаны айдан анық.

Бiрден заңнан бастауды жөн көрдiк. Биыл 16 қыркүйектен бастап дропперлiк үшiн қылмыстық жауапкершiлiк енгiзiлдi. Мұндай бастаманың өзi мәселенiң ауқымын айқындап тұрғандай.

– 2025 жылдың 16 қыркүйегiнен бастап Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексiне дропперлiк үшiн жауапкершiлiктi қарастыратын жаңа 232-1-бабы енгiзiлдi. Банк шотына, төлем немесе сәйкестендiру құралдарына заңсыз қол жеткiзу, оны беру немесе алу, сондай-ақ заңсыз төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру, оның iшiнде материалдық сыйақы үшiн үшiншi тұлғаларға банк картасын беру әрекеттерi дропперлiк болып саналады, – деп хабарлаған едi iшкi iстер министрлiгi.

Бұл бап бойынша 160 АЕК, 50 тәулiкке дейiн қамау, 5 жылға дейiн бас бостандығынан айыру секiлдi жаза бар. Нақтыласақ, банк шотын, төлем құралын немесе сәйкестендiру дерегiн заңсыз беру iсiне 160 АЕК дейiн айыппұл немесе 50 тәулiкке дейiн қамау түрiнде жаза көзделген. Мүлiктi тәркiлеу шарасы да қолданылуы мүмкiн. Елеулi мөлшерде заңсыз пайда алған жағдайда жаза 3 000 АЕК-ке дейiнгi айыппұлға немесе 2 жылға дейiн бас бостандығынан айыруға күшейтiледi. Үшiншi тұлғаның атынан заңсыз төлем немесе ақша аударымдарын жүзеге асыру – 5 жылға дейiн бас бостандығынан айыруға әкеп соғады. Дропперлiк схемаларды ұйымдастыру, яғни өзгенiң шотын заңсыз пайдалану мақсатында құжаттарды не шоттарды сатып алу iсi үшiн 7 жылға дейiн бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Заңгер Азамат Маратпен байланысқа шығып, маманның пiкiрiн бiлдiк.

– Расымен интернет-алаяқтық қылмыстарымен байланысты «дроппер» деген жаңа ұғым пайда болып, өзектi мәселенiң бiрiне айналды. «Дроппер» дегенiмiз қарапайым тiлмен айтқанда, интернет-алаяқтарға көмек көрсетушi немесе интернет-алаяқтық қылмысына қатысушы деген мағынаны бiлдiредi. Яғни алаяқтар жәбiрленушiнiң шотындағы қаражатты дропперлер арқылы шетелдiк есепшоттарға аудартып алады немесе банкоматтардан қолма-қол шешкiзедi.

Алаяқтарға көмек көрсететiн «дропперлерге» қатысты Қылмыстық кодексте жаңа бап енгiзiлiп, санкциясында кiнәлiлерге қатысты, жүз алпыс айлық есептiк көрсеткiштен бастап, шамамен 629 120 теңге, жетi жылға дейiн бас бостандығынан айыру жазасы қаралған.

Мұнан бөлек, арызданушылар осы «дропперлердi» Азаматтық Кодекстiң 953-бабына сәйкес сотқа беру арқылы өзiне келтiрiлген шығынды толықтай өндiрiп алуға құқылы. Дропперлерге қатысты тағы бiр шектеу – олардың есепшоттары бұғатталып, тергеу барысында толық мән-жай анықталғанға дейiн бұғат шешiлмейдi. Ең соңында, жеке ақпарат анықтамасында, қылмыстық жауапкершiлiкке тартылған деген мәлiмет қалыптасатын болады.

Тағы да қайталағанымыз жөн, банк шотын, төлем құралын немесе сәйкестендiру құралын заңсыз беру, сондай-ақ төлемдердi немесе ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру iсi анықталса,

қылмыстың ауырлығына, сипатына және алынған пайда мөлшерiне қарай мүлiктi тәркiлей отырып 7 жылға дейiн бас бостандығынан айыру жазасын қарастырылады.

Ескерту! Аталған бапта егер адам алғаш рет дропперлiкке қатысты құқық бұзушылық жасаған болса, өз еркiмен мойындап, құқық қорғау органдарына көмек көрсетсе және әрекеттерiнде



басқа қылмыс болмаса, қылмыстық жауапкершiлiктен босатылуы мүмкiн, – дейдi заңгер.

Қызылорда облысы Полиция департаментiнiң киберқылмысқа қарсы iс-қимыл басқармасының мамандары да сақ болуды ұсынады.

Мамандардың айтуынша, алаяқтың арбауына түскен азаматтар SIM карта, WhatsApp, Telegram желiлерiн де өз аттарына тiркеп бередi екен. Әдетте алаяқтар Telegram, Instagram, Facebook секiлдi әлеуметтiк желiге жұмыс туралы жарнама салады. Ал жұмыс бойынша байланысқа шықсаңыз еңбек шарты оп-онай көрiнедi. Сiз есепшотыңыздың реквизитiн ұсынасыз, ал олар әр аударымнан 5 мыңнан 50 мың теңгеге дейiн ақша төлеп отыруға уәде бередi. Ендi шындығына келер болсақ, қылмыскерлер сiздiң банк шотыңызды алданған басқа азаматтардан немесе есiрткi қылмыстарынан түсетiн заңсыз қаражаттар үшiн қолданады.

Заң жағын түсiнгендеймiз. Ұғымның өзiне қайта келсек, дроппер – алаяқтардың заңсыз жолмен алған ақшасын қолма-қол ақшаға айналдыру үшiн пайдаланылатын адам. Олардың мiндетi де сол.

өзiн алсақ. Биыл маусымда Алматы облысының төртiп сақшылары шамамен 250 миллион теңге көлемiнде залал келтiрген ауқымды интернет-алаяқтық схемасын әшкереледi.

– Ұйымдастырушы небәрi 19 жаста, Алматы облысының тұрғыны. Тергеу мәлiметiнше, ол қылмыстық схемаға 2023 жылдың қазан айынан берi қатысқан. Алдымен қарапайым «дроп» ретiнде бастаса, 2024 жылдың маусымынан бастап дропперлердi басқаруға көшкен. 2025 жылдың қаңтарынан бастап куратор ретiнде әрекет етiп, үш дроппердi басқарып келген, – деп хабарлады. Алматы облысының полиция департаментi.

Полиция мәлi-метiнше, ұрланған қаражатты қолма-қол ақшаға айналдыру үшiн алаяқтар 50-ден астам жалған тұлғаға рәсiмделген банк

қосымшалары бар 30-дан астам мобильдi құрылғыны пайдаланған. Сондай-ақ ноутбук, ресейлiк байланыс операторларына тиесiлi 11 SIM-карта мен шетелдiк қаржы ұйымдарының банк карталары тәркiленген.

Мұнан бөлек, Орал қаласында 18 жастағы жiгiт өз төлем картасын қылмыстық топқа берiп, олар екi ай бойы есiрткi сатумен байланысты қаржылық операциялар үшiн пайдаланған. Құдiктi ұсталып, кiнәсiн мойындады. Семейде 23 жастағы тұрғын өз банк картасын үш ай бойы есiрткi сатудан түскен ақшаны шығаруға қолдануға рұқсат еткен. Атырау облысында да 21 жастағы бөйжеткен өз картасына 400-ден астам ақша аударымын жасауға рұқсат еткен. Қаржы есiрткi саудасынан түскен.

Соңғы дерекке сәйкес, көлеңкелi экономикамен күрес жұмыстарына жасанды интеллект те қосылды. Бас прокуратураның мәлiметiнше, «Crypto Trase» және «ProkAi» жүйелерi арқылы үш айдың iшiнде 2 мыңнан астам дроппер анықталып, 15 мың күмәндi есепшот бұғатталған.

Сонымен қатар мамандар әлеуметтiк желiлерде жiнi кездесетiн бейнероликтер мен жарнамалардың бiр бөлiгi жалған екенiн ескертедi. Алаяқтар елге танымал тұлғалардың бейнесiн пайдаланып, «инвестиция сал», «қаржыларыңызды қайтарып беремiз» деп алдайды.

– Бiрiншiден, интернет алаяқтар қоңырау шалғанда орыс тiлiнде сөйлейдi. Сондықтан қазақ тiлiнде жауап берсеңiз олар сiздi түсiнбейдi, яғни әрi қарай сөйлесудi жалғастырмай, байланысты үзген жөн. Бұл алаяқтардың құрығына түспеудiң ең басты шарты десек болады.


Қазiргi кезде алаяқтық қылмыстардың 70%-ы SMS код арқылы басталады. Алаяқтар кодты алдын ала жiбередi, кейiн қоңырау шалып, орыс тiлiнде «Пошта арқылы зат келiп тұр», «SIM карта мерзiмi өтiп тұр», «Емханаға тiркелу қажет», «Су-жарық жүйесiндегi қарызды төлеу керек» деп алдаудың түрлi тәсiлiн қолданады.

Көп азамат осы кезде SMS кодты айтып қояды. Артынша басқа нөмiрден қоңырау шалып, өздерiн банктiң қауiпсiздiк қызметкерi ретiнде таныстырады да, «Сiз кодты айтып қойдыңыз, атыңыздан несие рәсiмделiп жатыр» деп қорқытады. Көп жағдайда адамдар қорқып, алаяқтың барлық нұсқауын орындап, аттарына несие рәсiмделуiне жол бередi.

Естерiңiзде болсын: SMS код арқылы ешқашан несие алынбайды. Несие алу үшiн мiндеттi түрде фото немесе видеоверификация қажет. Ал SMS кодты сұрау тек алаяқтардың қорқытып алдау айласы, – деп түсiндiрдi заңгер Азамат Марат.

Осы қарапайым сақтық шараларын бiлу арқылы өзiңiздi және жақындарыңызды алаяқтардың құрсауынан қорғауға болады. Сактансаң – сактайды...

Әлия ТӘЖІБАЙ



КӘСІПТІК АУРУ ДЕГЕН НЕ



Кәсіптік ауру – зиянды өндірістік фактор әсерінен туындайтын аурулар. Мұндай аурулар тізіміне тек кәсіби қызмет жағдайында кездесетін немесе белгілі бір кәсіпте, жалпы халық арасында немесе басқа жұмыс топтарында жиі кездесетін аурулар кіреді.

Толықтыратын болсақ, кәсіптік ауру – сақтандырылушының оған зиянды өндірістік фактордың әсер етуінің нәтижесі және оның кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен уақытша не болмаса тұрақты айрылуына, оның өліміне әкелетін созылмалы немесе қатты ауруы. Бұл аурулардың жеті түрі бар. Атап айтсақ, тыныс алу, қан жүйесі, жүйке жүйесі, гепатобилиарлық жүйе, бүйрек және зәр шығару жолдары басым зақымданған химиялық факторлардың әсерінен туындаған аурулар (интоксикация), өнеркәсіптік аэрозольдардың әсерінен туындаған аурулар, физикалық факторлардың әсерінен туындаған аурулар, жеке мүшелер мен жүйелердің шамадан тыс жүктелуіне байланысты аурулар, биологиялық факторлардың әсерінен туындаған аурулар аллергиялық аурулар және ісіктер.

Бірқатар елде қызметкердің өтемақы немесе жәрдемақы алуға құқығы бар кәсіби аурулардың тізімі бар. Мұндай тізімге енгізілмеген аурулар үшін өтемақы қарастырылмаған. Сондықтан ресми тізімге енгізілмеген кәсіптік ауруларды сипаттау үшін «кәсіби түрде анықталған аурулар» термині қолданылады. Көптеген елдің заңнамасында белгілі бір ауру жұмысшының жұмыс ортасында болуына байланысты, ал жұмыс берушінің немесе сақтандырушының міндеті аурудың басқа себеппен пайда болғанын дәлелдеу деген болжам бар.

Кәсіби аурудың негізгі себептері жайлы айтсақ,


технологиялық процестердің жетілмегендігі; еңбек құралдарының құрылымдық кемшіліктері; жұмыс орындары мен сантехниканың сапаға сай болмауы; жеке қорғаныс құралдарының қолданылмауы; қауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитария ережелерін бұзу; инфекциялық агентпен кәсіби байланыс; технологиялық регламенттен ауытқу болып табылады. Жедел немесе созылмалы кәсіптік аурудың диагнозын қою бірқатар заңмен бекітілген процедураларды орындаумен қатар жүреді. Созылмалы кәсіптік аурудың соңғы диагнозы кәсіптік патология орталығында белгіленеді.

Кәсіби аурулардың ең көп таралған түрлері: физикалық факторлардың әсерінен болатын аурулар, яғни сенсорлық-есту мүкістігі-шудың әсерінен, діріл ауруы-жергілікті және жалпы дірілдің әсерінен; жеке мүшелер мен жүйелердің шамадан тыс жүктелуіне және асқын кернеуіне байланысты аурулар; әртүрлі оқшаулау радикулопатиялары, моно-полиневропатиялар, периартроздар, остеоартрозды деформациялайтын аурулар; өнеркәсіптік аэрозольдардың әсерімен байланысты аурулар; пневмокониоз (силикоз), созылмалы шаң бронхиті, созылмалы обструктивті (астматикалық) бронхит; құлақпен өзара әрекеттесудің теріс факторларымен байланысты аурулар (жүйке ауруы, Көгершін депрессиясы, агрессивтіліктің жоғарылауы, алкоголизм).

Қызметкерлердің денсаулығын кәсіби аурулардың дамуынан қорғаудың ең жақсы тәсілі – олардың алдын-алу. Зиянды өндірістік факторлардың немесе шамадан тыс дозаның шамадан тыс әсерін болдырмау үшін тиімділікте әртүрлі әдістер бар. Қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және авариялық жағдайларға жол бермеу, сондай-ақ тиімді жеке жеке ұжымдық қорғаныс құралдарын қолдану керек. Қызметкерлердің еңбек жағдайлары мен денсаулығына мониторинг жүргізу; жұмыс істеушілерге зақымдаушы агенттің әсерін азайту

жөніндегі ұйымдастыру-техникалық, санитарлық-гигиеналық және әкімшілік шаралар; кәсіби іріктеу және кәсіби жарамдылығына уақытылы сараптама жүргізіп, тәуекелі жоғары топтағы адамдарды

жүргізуден бөлек, жеке гигиена талаптарын сақтау; жұмыскерлерді сүтпен және емдік-



санаторий-курорттық және андозэкологиялық оналтуға жөнелтіп отырған жөн. Жұмыскерлерді алдын ала және мерзімдік медициналық қарап-тексеруден (зерттеп-қараудан) өткізумен қатар, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру жөніндегі технологиялық шараларды қолдану, сонымен қатар ағзаны шынықтыру мен оның реактивтілігін арттыруға бағытталған жалпы сауықтыру, жалпы күшейту іс-шараларын

профилактикалық тағаммен қамтамасыз ету, қызметкерлерге санитарлық-тұрмыстық және емдеу-профилактикалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету маңызды.

Г.ТАЖБЕНОВ,

Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық басқармасының бас маманы



ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІ: ЖАУАПТЫ САЛАДАҒЫ БІР КҮН

Басы 1-бетте

2025 жылы болған оқиғалар статистикасына назар салсақ, құтқару қызметінің күнделікті тынысына сырт көзбен бойлау мүмкін емес екенін түсінесіз. Жыл басынан бері 775 шығыс тіркелген. Оның 170-і – авариялық-құтқару жұмыстары, 209-ы – тұрмыстық сипаттағы шақыртулар, 31 жағдай – іздестіру-құтқару операциялары. Жол-көлік оқиғалары – 6, өрт – 1. Мониторинг пен рейттерді қоса есептегенде тағы 333 шығыс бар. Жыл басынан бері 283 адам құтқарылған, оның 197-сі – бала. Қайтыс болғандардың саны – 41 адам. Бұл – осы саланың қаншалықты ауыр әрі ең маңызды бағыттардың бірі екенін дәлелдейтін статистика.

Құтқару бекетінің тынысымен жақынырақ танысу үшін 20 жылға жуық тәжірибесі бар маман, Қызылорда облысы ТЖД жедел-құтқару жасағы басшысының орынбасары Мейрамбек Доспенбетовпен жолықтық. Ол бізді жұмыс орнымен таныстыра отырып, өз саласы туралы шер тарқатты.

Жедел-құтқару жасағының ауласынан-ақ бұл жердің басқа мекемелерден мүлде бөлек екенін байқауға болады. Бір шетте әрдайым сақадай сай тұратын техника: жүзуге арналған қайықтар, арнайы көліктер, сүнгірілдердің жабдыктары, темір кесуге арналған құралдар, арқан-тросс жүйелері, тағысын талай қондырғы. Бұл – төтенше жағдай туындағанда әр секундты үнемдейтін, кез келген сәтте іске қосылуға дайын тұратын темір-құралдардың тұтас әлемі. Ал бұл техниканы басқаратын, оны өмір мен өлім арасындағы арқанға айналдыратын – осы қызметтің мамандары.

Жұмыс орнының ішінде тыныштық жоқ. Бір жерде оқу-жаттығу өтіп жатыр, бір жерде жеке құрам физикалық дайындықтарын тексеріп жатыр, тағы бір жерде арнайы құжаттарды пысықтап отырған мамандар бар. Бәрі бір ырықпен, бір тәртіппен, бір мақсатпен қозғалады – адам өмірін апаттан арашалап қалу.

20 жылға жуық өмірін осы салаға арнаған кейіпкеріміз де осында. Еңбек жолын қарапайым құтқарушы-сүнгіріс болып бастаған ол бүгінде Жедел-құтқару жасағы басшысының орынбасары қызметін атқарады. Жүрістен шаршамайтын, оқиға орнына бірінші жететін, әр талсырманы соңына дейін жеткізетін жан екенін ұжымдастары да ерекше атап өтеді.

Кейіпкеріміз әңгімесін тым салмақты бастады. Оның әр сөзінде жауапкершіліктің, кәсіпке деген адалдықтың, осы жолға деген шынайы махаббаттың лебі сезіледі.

– Мен бала кезімнен құтқарушы болғым келді. Форма киюді армандайтынмын. Бұл жасөспірімдік қиял емес, нағыз құтқарушы болуды қаладым. Бұл салаға келгелі шамамен 20 жылдай уақыт өтті. Осы уақыт аралығында түрлі жағдайды, апатты, адамдардың тағдыры шешілер сәттердің куәгері болдым. Оңай емес, десе де мен мамандығымды ең қызық әрі ең маңызды қызмет деп санаймын, – дейді ол.

Екі онжылдық – қарапайым еңбек өтілі емес. Бұл – талай құтқару операциясының, сансыз тәуліктің, отқа да, суға да түсудің, кейде үсікке, кейде ыстыққа күйудің, талай адамның көз жасына, талай адамның алғысына куә болудың жолы.

Екінің бірі шыдамайтын салмақты сала

Бұл салада тек жүрек қалауының өзі жеткілісіз. Себебі жүгі ауыр һәм жауапкершілігі мықты.

– Құтқарушы болу үшін ең алдымен ынта керек. Үйренемін, істеймін, шыдаймын деген мінез керек. Бұл жұмыстың оңайы жоқ. Адам физикалық жағынан да, психологиялық тұрғыда да

тапшы сәтте кейіпкеріміз үш азаматтың өміріне араша болып, қайғыдан сақтап қалды.

– Жұмысшылар үлкен бөшке секілді кеңістіктің ішінде қабырғаларды бояп жатқан сәтте вентиляцияның болмауынан бояу иісіне уланып қалған. Барған кезде екі адам талып жатты, біреуі әлі есін жоғалтпағанымен әлсіреп қалған екен. Ойлануға уақыт жоқ, бірінен соң бірін сыртқа алып шықтым. Ондай кезде ештеңені есептемейсің, тек адамдарды алып шығу керек деген ой тұрады, – дейді ол.

Бұл оқиғаны бұған дейін ешкімге айтпаған екен, десе де ол мұны мақтаныш пен ерлік деп емес, құтқарушының тікелей міндеті деп санайды.



сыналады. Бір сәтте шешім қабылдай алу да керек. Абдырап қалсаң – кеш. Себебі сенің шешімің адамның тағдырын өзгертуі мүмкін, – дейді кейіпкеріміз.

Құтқарушылармен біраз сөйлескеннен кейін бұл мамандықтың тек күш пен батылдықты ғана емес, ерік-жігер мен төзімділікті қажет ететініне көз жеткізесіз. Кейіпкеріміз осы тұста бір қызық әрі маңызды детальды атап өтті.

– Бұл жерде шыдай алмағандар да болды. Біз оларды арнайы тапсырмаларға жібереміз. Сонда-ақ бәрі белгілі болады. Қиындығына шыдамай, арызын тапсырып кеткендер де кездесті. Жылы, жайлы өмірге үйренгендер бұл саланың шынайы ауырлығын көтере алмай жатады. «Менің тек құтқарушы болғым келеді» – дейді кейбірі, бірақ біздің жұмыста олай таңдап жатпайсың. Суға түс десе – сүнгісің, тауға шық десе – өрлейсің, – дейді ол.

Шынында құтқарушылар кейде желі тартпайтын айдалаға, отқа оранған ғимаратқа, суық өзеннің түбіне, кейде биік ғимараттың төбесіне, улы газ толған жабық кеңістікке де кіреді. Қалай ойлайсыз, сіз мұндай қызметті атқара алар ма едіңіз? Иә, қиын. Десе де аталған маман иелері үшін бұл жұмыстар күнделікті тірлік.

Мейрамбек – батыр!

Кейіпкеріміз қызметінің алғашқы жылдарында жасаған ерліктерінің бірі көп адамның қолынан келе бермесі анық.

Ол құрылыс жүріп жатқан нысанда уланған үш азаматты жалғыз өзі құтқарып қалған. Абдырауға да, алаңдауға да уақыт

– Өрт – ең қауіпті жағдайлардың бірі. Түтін адамды көзді ашып-жұмғанша уландырып тастайды. Сол үшін бір секунд та бос кетпеуі керек. Мен өрт сөндіру қызметіне хабарасып, кейін бірден өзімнің әріптестерімді шақырттым. Құдай жамандықтан сақтап, адамдарды сыртқа шығарып үлгердік. Оқиғадан зардап шеккен бір азаматтың денесін 85% күйік шалып, бір өлімнің аузынан қалды. Бірақ шүкір, тез әрекет пен әріптестерімнің шапшаңдығының арқасында барлығы дін аман. Кейіннен зардап шеккен жандар келін рақметтерін жаудырғаны әлі есімде, – дейді ол.

Өткен жылы елді әбгерге салған су тасқыны халықты есенгіретіп тастағаны жасырын емес. Елді мекендегі үйлер су астында қалып, тұрғындар жан-жаққа эвакуацияланған күндер бәрінің есінде. Құтқару операцияларының алдыңғы шебінде жүрген кейіпкеріміз бұл кезеңді ауыр сәттердің бірі деп еске алады.

– Су тасқыны ерекше қиын. Себебі ол тек бір үйге емес, тұтас ауылға әсер етеді. Жұрттың көзіндегі қорқынышты көру, олардың заттарын су шайып кеткенін бақылау, балаларды алып шығу – бәрі ауыр. Ол кезде адамдары ғана емес, тірі жанның бәрін құтқардық, – дейді ол.

Білім барлық салада маңызды

Бұл салада үнемі білім алып, оқу-жаттығулардан өтіп, норматив тапсырып отыру – заңдылық. Жазда ғана аздап тыныштық болса, қалған уақытта құтқарушылар кәдімгідей сабақ оқиды, физикалық дайындықтарын көрсетеді.

– Бізде сабақ өтеді. Біз үнемі оқимыз. Құтқарушы тоқтаусыз дамуы керек. Бір жерде тұрып қалуға болмайды. Медициналық алғашқы көмек көрсету, жаңа техникамен жұмыс істеу – бәрін меңгеру қажет. Мен біліктілігімді арттыру үшін шет елдерге барып тәжірибе алмасып

отырамын. Қырғызстанда, Белоруссия мемлекеттерінде болып келдім. Ол жакка жіберу үшін де бізді іріктейді.

Жастарға айтар кеңесім: ерінбеу керек. Үздіксіз оқу керек. Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүремін деген адам бұл саладан ұзаққа бармайды, – деді білікті маман.

Қауіпсіздік ережесін сақтамау – қасіреттің бастауы

Құтқарушымен әңгімелескен сайын бір дүние айқындалды: көптеген қайғылы жағдай адамдардың неміқұрайлылығынан, қауіпсіздік ережесін елеуінен болады.

Суда қаза тапқан жасөспірімдер, газдан уланған қалған талай отбасы, өртке себеп болған ұқыпсыздық – бұлардың алдын алуға болар еді, десе де жауапкершіліктің болмауы талай адамның өмірін жалмағаны рас.

– Біздің ең көп көретініміз – адамның өзінің неміқұрайлылығы салдарынан келген қайғылы оқиға. Суға шомылуға болмайтын жерге түсу, қауіпсіздік белбеуін тақпау, өртке қарсы ережелерді сақтамау, балаларды қараусыз қалдыру – бәрі осындай жағдайға әкеледі. Біз әр рейд кезінде түсіндіреміз, айтамыз. Бірақ соның өзінде елемейтіндер бар. Адамдар өз өмірін бағалай білсе екен.

Біз жалпы кез келген апат орнына барамын дегенше адам аман болса екен деп тілейміз. Тіпті жаңадан құрал-сайман алып жатсақ та, оны тек оқу-жаттығу жұмыстарында ғана қолданақ деп ниеттенеміз. Өрине үміт қой, жамандықтан сақтасын, – дейді Мейрамбек.

«Отбасым – байлығым»

Кейіпкеріміз тек жақсы құтқарушы ғана емес, отбасының тірегі, үш ұлдың әкесі. Балаларына да ер азаматқа сай тәрбие беруді басты міндетінің бірі деп санайды.

– Үш ұлым бар. Оларға дұрыс тәрбие беріп келемін деп ойлаймын. Үлкен ұлым әскери қызметкер болғысы келеді. Ортаншым спортқа жақын. Кішкентайым енді өсіп келеді. Егер менің жолымды жалғастырмай десе – ол мен үшін үлкен мақтаныш. Бірақ ең бастысы – елге адал қызмет ететін азамат болса болды. Мен үшін одан асқан бақыт жоқ, – дейді ол.

Тілші түйіні: Біз жұмыс орнын аралап жүріп, құтқарушылардың барлығы да қарапайым, ашық, елгезек адамдар екенін байқадық. Олар өздерін батыр санамайды, өздерін ерекше көрмейді.

– Біздің жұмысымыз – адамдардың өмірін құтқару. Адамға көмектесу үшін туған мамандық, – дейді кейіпкеріміз сөзін қорытындылай.

«Бұл – біздің жұмысымыз» деп қысқа қайырса да, бұл пікірдің түкпірінде тұтас қоғамның қауіпсіздігі үшін атқарылып жатқан жанкешті жұмыстарды естен шығармайық.

Нұршат НЫШАНОВА

КӘСІБИ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Әлемдік еңбек нарығының қарқынды өзгеруі мен цифрландыру үрдістері бүгінгі таңда кәсіби біліктіліктің маңызын арттырып отыр. Расымен еңбек процесіндегі өзгерістер көптеген салада кәсіби дағдыларды жаңартуды қажет етеді. Осы орайда, кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінің маңызы да артып келеді.

Еңбек нарығының сұранысына сай кәсіби және техникалық мамандықтар жастар үшін тұрақты әрі табысты мансап құрудың негізі болып отыр. Заманауи кәсіптік білім беру бағдарламалары мен дуалды оқыту жүйесі арқылы студенттер теория мен практиканы ұштастырып, жұмысқа бейімделуге мүмкіндік алады. Бұл саладағы мамандар тек білікті емес, сонымен қатар шығармашылық көзқарас пен жаңа технологияларды енгізу қабілетіне ие болуы тиіс.

Бұл тұрғыда Қызылорда облысының білім беру саласы да үнемі жаңашылдыққа бет бұрып, кәсіби мамандар даярлау ісінде маңызды қадам жасап келеді. Міне, осы мәселелерді талқылау мақсатында жақында Қызылорда облысының білім басқармасы және Қызылорда жоғары көпсалалы колледжі «Кәсіптік-техникалық мамандықтар: еңбек нарығының сұранысы мен болашағы» тақырыбында облыстық семинар ұйымдастырды.

Маңызды жиынның ашылу салтанатына дейін колледждегі заманауи материалдық-техникалық база, оқу-өндірістік шеберханалар, робототехника зертханасы, электрмен қамтамасыз ету, агротехника, автокөлік жөндеу, ветеринария, құрылыс және бағдарламалау бағытындағы арнайы кабинеттер таныстырылды.



Іс-шараға облыстық білім басқармасының өкілдері, жұмыс берушілер, әлеуметтік серіктестер, ТЖБ ұйымдарының басшылары мен сала мамандары қатысты. Ал техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Бекжан Есенбаев, Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздық, Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжінің директоры Абайбек

Жүнісов, «Қызылорда жылу орталығы» МКК өкілі Нұрлан Байкен және Қызылорда жоғары көпсалалы колледжінің директоры Маржан Бисенова баяндама оқып, сөз сөйледі.

– 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Бүгінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторы – еңбек нарығының сұранысына сай кәсіби және техникалық мамандарды даярлау.

Колледждің басты мақсаты – заманауи технологияларды меңгерген, кәсіби құзыреттілігі жоғары мамандарды даярлау. Біз жаңартылған білім беру бағдарламаларын енгізіп, дуалды оқыту арқылы студенттердің теория мен практика байланысын күшейтеміз. Заманауи шеберханалар мен зертханалар білім сапасын арттыруға бағытталған.

Студенттердің 60%-дан астамы өндірістік тәжірибеден өтіп жатыр, түлектердің 80%-дан астамы мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан. Сонымен қатар студенттер «World Skills» чемпионаттарына қатысып, халықаралық деңгейдегі құзыреттілікті көрсетуде, – деді колледж директоры Маржан Қылышбайқызы.

Семинар барысында «Болашақ маманның бір күні» атты Workshop Vision ұйымдастырылды. Қатысушылар пікір алмасып, ұсыныс айтты. Сондай-ақ «Атамеке» өңірлік кәсіпкерлер палатасы және «Қызылорда нан» ЖШС мекемелерімен меморандумға қол қою рәсімі өтті.

Қызылорда жоғары көпсалалы колледжі 2004 жылдан бері өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, кәсіби-техникалық мамандар даярлауда жетекші оқу орны ретінде танымал.

Аружан СЕРІКОВА,

Қызылорда жоғары көпсалалы колледжінің баспасөз хатшысы

Басы 1-бетте

– Ауылда тұрған соң мал ұстасан, береке ғой. Балаларың қай малдан не өнім алатынын біліп өседі. Ет пен сүттің қайдан пайда болатынын білмей өсіп келе жатқан ұрпақ бар. Біз осыдан қорқуымыз керек. Оның үстіне, ағарғанмен айналыссаң, жолың ашылады. Берекелі кәсіп. Ал кәсіпті таза істесең, елдің батасын аласың. Біздің бағыт – осы. Ата-енем, жолдасым көмектеседі. Алдағы уақытта үлкен бір сүт фермасының иесі болғым келеді. Иә, алдына мақсат қойсаң, жетесің, – дейді ол.

Мөлдір тәрізді «Бизнес бастау» арқылы білім алып, сертификатқа қол жеткізсеңіз, өзіңізге ыңғайлы, қолайлы бизнес түрін таңдасаныз жеткілікті. Осылай кәсібін жандандырған жанның бірі – Нұржан Жүнісов. Ол мемлекет тарапынан 1 572 800 теңге қайтарымсыз қаржы иеленген. Осы қаражатқа 6 бас жылқы алған.

– Кез келген кәсіппен айналысуға болады. Десе де ауылдық жер болған соң малдан артығы жоқ. Бала езінен мал бағып, соған қарап өстік қой. Қора тазалау, оны күтіп-баптау бала кезгі өзімнен жауапкершілігімде болды. Қорада азын-аулақ ірі қара бар еді. Сосын оны кәсіпке айналдырсам қалай болады деген мақсатпен жүріп, жақында бағдарламаға қатысып, қайтарымсыз қаржыға қол жеткіздім. Жылқы бордақылау мақсатында 6 бас жылқы алдым. Бұл кәсіп түрін отбасылық деп атауға болады. Себебі келіншегім, балаларым көмектеседі. Малды бағу, семірту оңай емес. Оның өзіне көп уақыт кетеді. Азаннан-кешке дейін «құлап қалмады ма, ауырып қалмады ма» деп уайымдайсың. Малда береке бар деген сөз рас екен, – дейді кәсіпкер.

Иә, ауылдық жерде бизнестің ең дамыған түрі – мал бордақылау. Пайда әкелетін де осы іс. Мал бағу үшін уақытылы жем-суын беру жеткілікті.

– Оның қыр-сырын да меңгеру керек. Бастапқыда қиындықтар кездеседі. Жалпы қай іс болсын жауапкершілікті талап етеді ғой. Ал мал бордақылау жұмысы ауыр, табысы күшті бизнес түрі. Жылқы – ерекше күтімді қажет ететін жануар. Ол кез келген шөпті жемейді. Жылқыны семірту үшін оған жоңышқа мен жем береді. Жүгеріні арнайы машинамен үгітіп беру де тиімді. Жүгеріні бұқтыртып беретіндер де бар. Кез келген малды дұрыс күте алса, уақытында

жем, суын берсе, доп-домалақ болып шыға келеді, – дейді Нұржан Жұматайұлы.

Нұржанда жоспар көп. Ол әр істің басын шалмай, бір істі терең білу керек деген ұстанымда. Болашақта мал басын көбейтіп, кәсібін өркендетсем дейді. Содан кейін барып, ауылдағы жұмыссыз, жұмыс таппай жүрген жастар санын азайтуға үлес қосқысы келетінін жеткізді.

Ал жас кәсіпкер Жасұлан Жамаладдинұлы өзіне өзі қызмет көрсететін көлік жуу орталығын ашты. Орталық заманауи және көлік жууға ыңғайлы. Күніге 15-20 көлікке қызмет көрсетеді. Шағын және орта кәсіпкерлікке ден қойғандардың басым көпшілігі мемлекеттік бағдарламаның көмегіне жүгінеді. Біздің кейіпкеріміз де – қайтарымсыз грант иегері.

ҚОҒАЛЫКӨЛДІК ЖАСТАР КӘСІПТІҢ КӨЗІН ТАБУДА

Қазіргі таңда қала тұрмақ, ауылда да бір үйде қос-қос көліктен бар. Соған сай көлік жуу орталығының да қызметі сұраныста. Қандай кәсіп пайдалы, қайсысы табыс әкеледі деген ізденіс үстінде болған Жасұлан Абибуллаев кате шешім қабылдамағанына сенімді.

– Мен біраз зерттеп, зерделедім. Бұл бизнесті бастау ісі бірден туындаған жоқ. Отбасыммен кеңестім, пікірлеріне құлақ астым. Жан-жақтан сұрап, біліп, бұл істе қандай қиындық бар, одан қалай шығуға болады, иегерін кету үшін не істеу керек соған аса назар аудардым. Содан кейін барып, көлік жуу орталығын ашамын деген шешімге келдім. Ата-анам қолдады. Бұл бизнестің ең тиімді тұсы тұтынушы тарапынан шағым болмайды. Себебі тұтынушы өзіне-өзі қызмет көрсетеді. Керегіңше заттарды пайдаланып, қалаған уақытында көлігін жуа алады. Оның үстіне бағасы да қалтаға қонымды, – дейді кәсіпкер.

Жас кәсіпкердің көлік жуатын орталығында арнайы 1 орын бар. Автокөлік қорабында сумен жууға, көбікпен жууға және балауызбен жылтыратуға

арналған тапанша-шансорғыш бар. Өзіне-өзі қызмет көрсету режимі аптаның жеті күнінде жұмыс істейді.

Ауылда тың жоба ретінде бағаланып, ел игілігіне жұмыс істей бастаған орталықта көлік жууға толық мүмкіндік бар. Бағасы қалтаға қонымды, жұмысы өнімді көлік жуу орталығы ашылғаны ауыл тұрғындары үшін жақсы жаңалық. Өркім өзі үшін қызмет қылуға дағдыланса, ауылда мұндай орталықтардың маңызы артады.

Тың кәсіпті қолға алып, ауқымды қаражатты қажет ететін орталықты ашқан азаматтың бастамасына жанашыр жақындары мен достары тілектестік білдіруде. Биыл Қоғалыкөлде осылайша жаңадан 15 кәсіпкер тіркелген. Ұзын саны 174 кәсіп иесі бар. Қазір оның 97%-ы тұрақты жұмыс істеп тұр.

– Өрине ауылдың жастары белсенді. Олардың қатарында мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдаланып отырғандары жетерлік. Мәселен, биыл Қоғалыкөл ауылында мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында «Сырдария – 1» несие серіктестігінен жеке кәсіпкер Сайлау Бахтияр 4 млн 600 мың теңге, Ғафиз Жақыпбекұлы мал басын көбейту (жылқы) мақсатында 11 млн теңге несие алды. Мұнан бөлек, жұмыспен қамту орталығы арқылы «Стартап» жаңа бизнес идеяларды іске асыру мақсатында 1 млн 572 мың 800 теңге көлемінде 14 адам мемлекеттік қайтарымсыз грант алды. Өрине мұның барлығы халықтың жағдайын жақсартып, әлеуетін көтеруге бағытталған қадмдар. Алдағы уақытта мұндай жұмыс жалғасын таба беретін болады. Бір қуанарлығы, біздің ауылдың әрбір кәсіпкері жақсы істің басы-қасында демеушілік танытып жүреді. Бұл ауыл тұрғындарының мақсатының бір болғанын, бағытының айқын екенін көрсетеді, – дейді ауыл әкімі Бакытжан Рахымбеков.

Ауыл әкімінің сөзін қуаттауға тағы бір жас кәсіпкердің бастамасын айта кетейік. Қоғалыкөлдік Ерболат Ибадуллаев қайтарымсыз қаржыға үш бас бұзаулы сиыр сатып алған. Ауылда тұрған соң төрт түлікті табысқа айналдыру – кәсіп көзі. Ет, сүт өнімдері сұранысқа ие. Күнделікті өмірден осыны түйген ол жоба дайындап, осы мүмкіндікке қол жеткізді.

– Қазір табиғи өнім сұраныста ғой. Кешегі пандемия кезінде ел-жұрт ағарған іздеп кетті. Қанша ауруға ем. Өрине тек саумал ғана емес, төрт түліктің қай-қайсысын зерттесеңіз де, пайдасы шаш етектен болады. Осылай жобаны отбасымызбен ақылдаса келе қолға алдық. Көпшілік үш бас бұзаулы сиырмен не кәсіп ашты деп күлуі мүмкін. Күдай берекесін берсе, бір бас малдан да несібе бұйырады, – дейді ол.


Ауыл баласының бойында қазақы болмыс болады. Төрт түліктің қай-қайсысының да жағдайын жасап, бабын таба біледі. Ерболат – осы қатарда. Ол да кішкентайынан атқа қонып, мал бағып көрген жан. Зенгібаба тұқымын көбейтіп, мал шаруашылығынан нәпақасын айыруды қалайды.

– Ауыл жастарының көпшілігі кәсіппен айналысады. Өз қаражатымен қызмет көрсету нысандарын ашып жатқандар да кездеседі. Бір-екі бас мал ұстап, нәпақасын тауып жатқандар да көп. Алдағы уақытта да кәсіп ашу, оны дамыту бағытында ынталы жандарға бағытталған мұндай жұмыстар жалғасын табады, – дейді Қоғалыкөл ауылдық округі әкімдігінің қызметкері Алмат Омаров.

Бүгін 2 жарым мың халқы бар елді мекенде кәсіпке білек сыбана кіріскендер саны артып келеді. Биылдың өзінде жаңадан 15 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Ауылдағы барлығы 174 кәсіпкерлік нысанының 97 пайызы тұрақты жұмыс істеп тұр.

Елді мекеннің табалдырығынан аттағаннан бастап жана тұрғын үйлердің бой көтергенін көріп қуандық. Өйткені кез келген елдің экономикалық әл-ауқаты алдымен халықтың жағдайынан көрінеді. Елдің еңсесі тік болуы үшін әрбір тұрғынның әлеуеті артқаны ләзім. Қоғалыкөл бұл ретте көп елді мекенге үлгі екенін байқатты.

Аян СПАНДИЯР



Бүгінде әлеуметтік желілер – жай ғана байланыс құралы емес, әлемдік ақпарат пен мәдениеттің негізгі қозғаушы күші. Олардың даму қарқыны ерекше жылдам, ал әрбір желінің өзіндік бағыты мен миссиясы бар. Мысалы «Instagram» әлеуметтік желісі визуалды эстетикаға басымдық берсе, «Twitter» желіде ақпарат пен пікір алмасуға арналған. Бұл айырмашылықтар әлеуметтік желілердің қолданушы аудиториясын әр түрлі бағытқа бөледі. Осы орайда жастар қайдай платформаларды қолданады? Бірге білейік.

Асылзат Жанабаева:

– Мен үшін ең ыңғайлы әлеуметтік желі деген түсінік жоқ. Себебі белгілі бір әлеуметтік желіні тұрақты әрі көп қолданамын деп айта алмаймын. Барлық желіні тең көремін. «Instagram» – мен үшін ақпарат көзі. Мұнда мен «ZTV_kz», «buginkz» секілді ақпараттық, жаңалыққа толы парақшалардың оқырманымын. Елде болып жатқан күнделікті әлеуметтік, спорт жаңалықтары, білім мен денсаулық саласы туралы жарияланатын ақпарат мен үшін маңызды. Сонымен қатар «TikTok», «Facebook», «YouTube» желілерін көп қараймын. Қазір ақпарат заманы. Күн сайын миымыз толассыз ақпаратты қабылдайды. Соның ішінде өзіме керек дегендерін саралап қараймын. «Instagram», «TikTok» желілері бір-біріне ұқсас келеді, ал «YouTube» каналдары білім алуға, оқып үйренуге, жаңа дүниелерді көруге ыңғайлы. Сонымен қатар қазақша подкастар, тәлім-тәрбиесі бар, қыз-келіншектерге жол көрсететін сұхбаттар, уағыздар қарауға таптырмас ақпарат алаңы. Әр адам өз табиғаты мен қызығушылығына қарай әлеуметтік желіде өзіне қызықты контенттерді қарайды. Мен үшін барлық әлеуметтік желінің өзіндік орны бар. Дегенмен адам баласы шынайы өмірден алыстамауы керек, күннің белгілі бір бөлігі ғана телефонда, ал қалған уақытымыз өзіміздің шынайы өмірімізде болуы керек деген ойдамын.

Салтанат Бижігітқызы:

– Мен үшін ең ыңғайлы әлеуметтік желілер – «Instagram» мен «Facebook». Екеуін де күнделікті өмірімде жиі қолданамын, бірақ «Instagram» мен үшін бөлек әлем сияқты. Онда бәрі жеңіл, түсінікті, әдемі: сурет те, видео да, сторилар да – бәрі бір сәтте көңіл күйінді көтеріп жіберетіндей. «Көрген көзде құмарлық бар» дейді ғой, сол сияқты «Instagram» маған визуалды шабыт береді. Жұмыс, күнделікті тіршілік, қызықты сәттердің бәрін бір жерге жинап, өзімше бір реттілік орнатып аламын.

«Facebook»-ті басқаша қолданамын. Ал жерде ресми ақпарат та, маңызды жаңалықтар да, салмақты пікірлер де бар. Бір сөзбен айтқанда, «Facebook» – ой тоқтататын, ақпарат беретін орта. Керек дүниені тез табамын, ұсынатын контенті де жан-жақты. Кейде сол жақты қарап отырып, заманның тынысын тындап отырғандай боламын.

Екі желі екі түрлі дүниеге ұқсайды: бірі – көңілге жылулық ұялатын визуалды әдемі әлем, екіншісі – ойға ой қосатын ақпарат алаңы. Сол үшін мен екеуін де қатар

пайдаланып, өзіме керегін өз орныммен жаратып отырамын. Әлеуметтік желілерді дұрыс қолдансаң, күнделікті өміріне шағын да болса, пайда береді деп ойлаймын.

Ақниет Мәулен:

– Менің ойымша, қазіргі уақытта «Telegram» әлеуметтік желісін қолдану ыңғайлы. Тілдік курстарды меңгеру үшін жастар осы желіні пайдаланады. «YouTube» арнасында көбіне жалпы аудиторияға ақпарат жарияланды. Ал «Telegram»-да арнаны жауып, тек өзіңнің аудиторияна жүргізуге немесе барлық қызығушыларды қамтып, парақша жүргізуге болады.

Сонымен қатар мұнда барлық медиа құжат сақталды. Фото, видео өшірілмейді. Кез келген файлды табу оңай. Онымен қоса қолдануға да оңай.

«Telegram» насихат арнасы емес. Басқа желілерде орынсыз видео жарияланса, ол тез тарап кетеді. Ал мұнда адам желіні тек өз қажетіне пайдаланады.

Мен «Telegram»-ды музыка тындау үшін қолданамын. Себебі бұл жерге керек файлдарды жіберіп, сақтап қойғаннан соң интернетсіз де тыңдай беруге болады. Сонымен қатар медиа контентті арнада сақтап қоямын. «Telegram» арнада жасанды интеллект туралы пайдалы курстармен бөлісемін. Осы саланы меңгергісі келетін студент, оқушыларға арнап, біліміммен бөлісемін. Ол тегін. Бірақ біз тек оқуға ынтасы бар балаларды іріктеп қосамыз.

Нұрай Ниязбек:

– Қазіргі кезде «LinkedIn» желісі көш бастап жүр. Мен үшін бұл платформан кәсіби түрде дамуыма көмектеседі әрі максаттарым мен қызығушылықтарымға толықтай сәйкес келеді. Мұнда тек достармен қарым-қатынас құру емес, пайдалы нетворкинг құруға мүмкіндік бар. Бұл желіде кәсіби комьюнитиермен, түрлі топ менеджермен, сондай-ақ компаниялармен байланысуға болады.

«LinkedIn»-нің басқа желілерге қарағанда айрықша ерекшеліктері бар. «Instagram»-да көбіне көңіл көтеретін контент жарияланады, ал мұнда ресми қарым-қатынас жүйесі қалыптасқан. Бұл жердегі қолданушылар бір-бірімен сыпайы араласады. «LinkedIn»-де вакансиялар туралы ақпарат алуға болады. Онымен қоса шетелдік мамандармен жеке сөйлесіп, жауап алу мүмкіндігі қарастырылған. «LinkedIn» IT саласында жүрген мамандар үшін пайдалы платформа деп ойлаймын.

Өрине, мен басқа да желілерді қолданамын. «LinkedIn»-ді көбіне жұмыс барысында пайдаланамын. Ал «Instagram» секілді платформаларды жеке өмір мен жаңалықтардан хабардар болу үшін қараймын.

Айдана Бакытжанова:

– Ең көп қолданатын желім – «WhatsApp». Ол арқылы отбасыммен және достарыммен хабарласып, хат алмасып отырамын. Жұмыс уақытынан тыс кезде де жиі қолданамын.

Одан бөлек «Instagram»-ды жеке блог жүргізу үшін пайдаланамын. Өз өміріммен бөлісіп, маған қызығатын достарым мен жазылушыларымды ақпараттандырып отырамын. Өзім дизайнер болғандықтан «Pinterest»-тің белсенді қолданушысымын. Бұл менің шабыт алатын жерім. Көзқарасты дамыту, жаңа идеялар табу үшін пайдаланамын.

Сонымен қатар қажет кезде «HeadHunter», «OLX» сияқты платформаларды да пайдаланамын. Оларды жұмыс іздеу немесе хабарландыру жариялау үшін көремін.

Әлеуметтік желілер біздің өміріміздің маңызды бөлігіне айналды. Қазіргі уақытта бизнес те, коммуникация да, жарнама да – бәрі осы желілер арқылы жүреді. Кейде тіпті әлеуметтік желіде тіркелмеген адам – көрінбейтін адам сияқты әсер қалады. Бірақ әлеуметтік желісіз, табиғатқа жақын, өзіне жайлы өмірді таңдайтын адамдар да аз емес. Ал егер адам мансап жолын дамытып, танымал болуды қаласа, онда әлеуметтік желілерсіз қадам басу қиын деп ойлаймын.

Қарақат Ыдырыс:

– Бүгінде ақпарат алмасу үшін жиі қолданатын әлеуметтік желім – «Facebook». Бұл платформаның артықшылығы – әртүрлі аудиториямен еркін ой алмасу, өзекті мәселелерді талқылау мүмкіндігі. Бұл желі ақпараттың тез таралуы, қолданушылар арасында байланыс орнатуда өте қолайлы. Сонымен қатар қызығушылықтары бір топтарға ортақ тақырыпта талқылауына мүмкіндік береді. Өзімнің ой-пікірімді, көзқарасымды еркін білдіре аламын. Бұл жерде маңызды ақпараттар тек ресми стильде жарияланды. Сенімді парақша көп. Пайдаланушыға ыңғайлы интерфейс бар. Жазбаларды кез-келген уақытта өңдеп, толықтырып отыра аласың. Сондықтан «Facebook» желісін жиі пайдаланамын.

Мерей ШӨКРАТ



Психологтар адам өмірінде кезігетін негізгі 8 дағдарыс кезеңін нақтылады. Бұл – тұлғаның жаңаша қалыптасу, өзгеру, ішкі және сыртқы күйдің күрделене түсетін тұстары. Әр кезең өзіндік ерекшелігімен қатар, оны жеңуге арналған тәсілдерді де қажет етеді.



Бір жас дағдарысы. Бір жасқа толған бала алғаш рет өзін дербес тұлға ретінде сезіне бастайды. Алғашқы қадамдарын жасайды, алғашқы сөздерін айтады, айна-ланы өздігінен тануға ұмтылады. Бұрынғыдай үнемі қолда ұстауды қажет етпей, жеке әрекетке көшеді. Бұл өзгерістер ата-ана үшін тосын болуы мүмкін. Мұндайда балаға жұмсақ түрде түсіндіріп, оның әр қадамын қолдау маңызды. «Өзің жасауға ұмтыл, бәрі жақсы болады» деген секілді ынталандыру балаға ауадай қажет.

Үш жас дағдарысы. Бұл кезеңнің басты белгісі – баланың «Өзім!» деп, толықтай автономияға ұмтылуы. Ерік-жігер мен өзін-өзі бағалау қалыптаса бастайды. Алайда физикалық тұрғыда көп дүниені орындай алмайтынына байланысты ата-ананың тыйымдары да көбейеді. Бұл кезеңде балаға асығыстық танытпау керектігін, уақыт өте келе қолынан келетінін түсіндіру керек. Сондай-ақ түсіндіру үнемі сабырмен жүргізілуі тиіс.

Жеті жас дағдарысы. Бұл – мектепке қадам басу кезеңі. Жаңа орта, жаңа ережелер, жаңа міндеттер. Көп балаға мектепте оқыған, жауапкершіліктің өсуі ұнамайды. Мұндайда оған білімнің өмірдегі маңызын түсіндіру қажет. Білімсіз мамандық алудың, жұмыс табудың қиындығын есіне салып отыру керек. Мұны үнемі, қарапайым тілмен айтып отырған жөн.

Жасөспірімдік дағдарыс (11-17 жас). Бұл ең күрделі һәм ең қауіпті кезеңдердің бірі. Осы уақытта жасөспірімде өзін-өзі тану, эмоциялық тұрақсыздық, «кіммін?» деген сұраққа жауап іздеу, ересектердің пікірін жокқа шығару сияқты құбылыстар айқын көріне бастайды.

Бұл кезеңде ата-ана баланың ішкі әлемін түсінуге тырысып, орынсыз қысым көрсетпеуі керек. Жасөспірімге кеңістік беру, асыра шектеу қоймай еркіндік беру, көп сөйлесу, пікірін тыңдау – отбасы ішіндегі тыныштықтың кілті болмақ. Сондай-ақ 18 жасқа толған соң өзі дербес шешім қабылдай алатынын да есіне салған жөн.

Ерте ересектік дағдарысы (18-25 жас). Адам бұл кезеңде мамандық таңдайды, өзін кәсіби тұрғыда іздейді, жеке өмірін қалыптастырады, алғашқы қателіктерге тап болып, алғашқы жетістіктерге де жетеді. Алайда өмірлік тәжірибенің аздығы кейбір шешімдердің сәтсіз болуына алып келеді. Мұндайда өзіңізді қатаң сынамаңыз. Қателік – қалыпты жағдай. Үлкен мақсатты шағын қадамдар арқылы жүзеге асыру стратегиясы бұл кезеңде өте тиімді.

Орта жас дағдарысы (шамамен 40 жас). Бұл уақытта адам өткенін бағамдайды, өмірдің мәнін қарастырады, болашаққа жаңа жоспар құрады, гормоналды өзгерістерге байланысты эмоциялық құбылмалылыққа тап болады. Ғалымдардың зерттеуінше, ажырасулар, өмірлік серігін ауыстыру – осы кезеңнің жиі қайталанатын қателіктерінің бірі көрінеді.

Бұл кезеңде жүрсеңіз, «жаңаның» бәрі әрдайым жақсы емес екенін, ал «ескі» деп санағаныңыз әрдайым жаман бола бермейтінін түсінгеніңіз абзал. Гормоналды өзгерістерге сүйеніп қабылдаған шешімдер көбіне дұрыс бола бермейді. Басты талап – тепе-теңдікті сақтау.

Кемел жасдағы дағдарыс (50-60 жас). Адам осы кезеңде өмір жолына шынайы баға береді. Қарттыққа дайындала бастайды. Бастысы денсаулықты үнемі бақылауда ұстап, физикалық белсенділікті арттыру керек. Сондай-ақ мамандар қант пен тез сіңетін көмірсуларды азайтып, ақыл-ойды дамытуды ұсынады. Ми жұмысын тежейтін кроссвордтар емес, жаңа білім, жаңа орта, сапалы фильмдер, театрлар мен көрмелер – ең тиімді құралдар екенін есте сақтаңыз.

Қарттық кезеңнің дағдарысы (75 жастан жоғары). Бұл кезең – адамның өмірмен қоштасуға ойша дайындалатын уақыты. Әр таңды сый ретінде қабылдап, әр күнді жаңа әсермен толтыру қажет. Ауыр ойларға берілмей, өмірді мазмұнды ету – ұзақ жасаудың кепілі.

Қорытындылай келе айтарымыз, әр кезеңнің өз қиындығы бар. Бірақ бұл дағдарыстар – даму мен жетілудің табиғи бөлігі екенін ұмытпаңыз. Қажетті тұста қолдау білдіру, түсіністік пен сабырлық таныту арқылы кез келген адам осы сатыдан еш қиындықсыз өте алады.

Аружан ОРАЛБАЙ

АДАМ ӨМІРІНІҢ ДАҒДАРЫС КЕЗЕҢДЕРІ

Қазақстан ұлттық құрамасы
Панама-Ситиде өткен
«First Global Challenge
2025» дүниежүзілік
Олимпиадасында
қатарынан
төртінші рет
жеңіске жетті.
«First Global
Challenge» – жыл сайын
өтетін халықаралық
робототехника жарысы.
Мұнда жердің түкпір-
түкпірінен жастар
жиналады. Конкурстың
ерекшелігі – жастар
планета алдында тұрған
үлкен қауіптердің
алдын алу мақсатында
жұмыстарын ұсынады.
Сайыс дегенде
біз командалар
арасындағы қақтығысты
өлестетеміз. Алайда
«First Global Challenge»
жастар арасындағы
ынтымастықты нығайтып,
жердің болашағына
өзгеріс әкелетін
технологияларды ұсынады.



ӘЛЕМДІ

БАҒЫНДЫРҒАН ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫ

Биыл жарысқа әлемнің 190-нан астам елінен келген ең үздік жас инженерлер қатысты. Олимпиаданың басты тақырыбы тұрақты даму және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне арналды. Команда Гран-челлендж және Альберт Эйнштейн Award сыйлықтарын иеленіп, эко-теңгерім тақырыбымен өткен жарыста экожүйелерді қалпына келтіруге бағытталған робототехникалық шешіммен сарапшыларды тәнті етті. Қатысушыларға берілген тапсырма тек робот құрастырумен шектелмеді. Олар жаһандық жылыну, су ресурстарын үнемдеу, баламалы энергия көздерін тиімді пайдалану секілді өзекті мәселелерді шешу жолдарын қарастырды.

NIS PhM компаниясының бес энтузиастары робототехника арқылы тұрақты шешімдерді әзірлеу миссиясымен Қазақстанды бірінші жаһандық деңгейде таныстырады. USTEM Қоры

мен Меккаколаның қолдауымен команда бүкіл Орталық Азияда STEM білімі мен қоршаған ортаны қорғау туралы хабардарлықты арттыруға ықпал етеді. Осы маусымда эко тепе-теңдіктен пабыттанған Рашид Досымжан, Мадияр Әсетұлы, Дәулет Лияс, Әлихан Орынбасаров және Нұрасыл Тұрсынбаев технологияның табиғат пен өнеркәсіп арасындағы тепе-теңдікті қалай қалпына келтіретініне назар аударады. Олардың тәлімгерлері – Асылбек Мұрзахметов, Нұрдаулет Досмағамбет және Дулат Байтұленов.

Қазақстандық оқушылар өздерінің жасап шығарған робот арқылы тек жылдамдық пен ептілік жағынан ғана емес, инженерлік ойдың ұшқырлығымен және стратегиялық шешімдерімен де қазылар алқасын таңғалдырды. Жарыс ережесіне сәйкес, командалар альянстарға бірігіп, ортақ мақсатқа жету үшін күш біріктіріуі

тиіс. Біздің құрама өзге елдің өкілдерімен тіл табысып, нағыз көшбасшылық қасиеттерін көрсете білді.

Нәтижесінде, отандастарымыз барлық кезеңнен сүрінбей өтіп, ұпай жағынан рекорд орнатты. Бұл жеңіс – кездейсоқтық емес, елдегі STEM білімінің дамуы мен жастардың тынымсыз еңбегінің жемісі. Панама төрінде қазақтың көк туы желбіреп, әнұранымыз шырқалған сәтте жанкүйерлердің қуанышында шек болмады.

Осылайша Қазақстан құрамасы қатарынан төртінші рет Әлем чемпионы атанып, робототехника саласының үздігі екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Бұл жетістік келешек ұрпаққа үлкен шабыт сыйлап, еліміздің технологиялық болашағының жарқын екеніне сенім ұялатады.

Мерей ШӘКРАТ



Қолымыздағы кез келген банкнотты алып қарасақ, оның физикалық тұрғыдан жай ғана қағаз екенін аңғарамыз. Ендеше өзінен бір сұрақ туады: егер ақша қағаз болса, адамзат неге барлық кедейлікті бір сәтте-ақ жойып жібере салмайды? Неге банктер қалаған уақытта ақша басып шығарып, адамдарды төмен тұрмыстан құтқармайды? Бұл сұрақтың түбінде тек экономика заңдылығы ғана емес, адам психологиясы, қоғамның даму логикасы мен нарықтың қатаң тепе-теңдігі жатыр.

АҚША ҮНЕМДЕУДІҢ 5 ЖЕҢІЛ ЖОЛЫ

Бір қарағанда бәрі өте қарапайым: ағаштан қағаз, қағаздан ақша жасалады. Демек көбірек басып шығаратын болсақ, молшылық келеді. Бірақ шынайы өмірде ақша тек банкнот немесе металл тиын емес, ол – құндылыққа деген сенім. Егер ақша ештеңенің негізделмей көбейсе, оның құны да солай төмендейді. Мұны экономиканың айнаымас заңы деп білейік.

Ақша су сияқты, көп болғанымендыс болмаса төгіліп қалады. Нарықтағы «қыдыс» – өндіріс, қызмет, технология, нақты еңбек. Ал олардың көлемі артпай жатып ақша көбеюі бағаның шарықтауына, инфляцияға, кедейдің одан әрі кедейленуіне әкеледі деген сөз. Осы себепті мемлекеттер банкнотты қалағанынша көбейте алмайды, өйткені оның ар жағында қоғамның экономикалық тұрақтылығы тұрады.

Ендеше ақша жай ғана зат емес, экономикалық экожүйенің мүшесі. Ал бұл жүйе тепе-теңдікті қажет етеді.

Кедейлік неге жойылмайды?

Кедейлік тек ақша жетіспеушілігінен туындайтын жағдай емес. Ол бірнеше фактордың күрделі әрекеттесуі нәтижесінде пайда болады. Мәселен, адамның білім деңгейі маңызды рөл атқарады. Білімді адам өз мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, табыс табу әлдеқайда қиын болады. Сонымен қатар тұратын аймақтың дамуы мен мүмкіндіктері де шешуші фактор. Кейбір өңірде жұмыс орындары аз, инфрақұрылым дамымаған, ал кейбір жерлерде керісінше көптеген мүмкіндік бар екенін ескерейік. Нарықтың құрылымы мен экономикалық жүйе де маңызды. Егер нарықта кәсіпкерлік, өндіріс немесе қызмет көрсету салалары дамымаған болса, адам қанша ақша

алса да өмір сүру деңгейі жақсармайды. Технология мен ақпаратқа қол жеткізудің мүмкіндігі де әсер етеді. Қазіргі заманғы технологияларды қолдана білмеген адам өз табысын көбейте алмайды. Сондай-ақ жеке адамның қаржылық мәдениеті, яғни ақшаны тиімді басқару қабілеті, үнемдеу дағдылары мен инвестиция салу білімі де кедейлікті жеңуде шешуші рөл атқарады. Сондықтан тек ақша басып шығару арқылы кедейлікті жою мүмкін емес. Егер бұл жолмен мәселе оңай шешілетін болса, әлем қазірге дейін кедейліктен толық арылған болар еді.

Финанстық құрдымнан сақтайтын 5 лайфхак

Ақша қағаз болғанымен, оны ұстап қалу үлкен өнер. Қалай десек те қаржылық сауаттылық бүгінгі қоғамның ең қажетті дағдыларының біріне айналды.

Біріншіден, ақшаның қайда кетіп жатқанын есептеу керек.

Көп адам ақшаны жоғалтпайды, тек байқамай шашады. Ай сайынғы шығынды жазып жүру – үнемдеудің ең қарапайым әрі тиімді әдісі. Қай жерде қажетсіз шығын бар екенін бірден көресіз.

Келесі лайфхак – «алдымен өзіңе төле» қағидасы.

Жалақы түскен күні азық-түлік, коммуналды төлем, интернет тарифі және одан бөлек шығындарды өтеуге ақшаны бөліп қойыңыз.

Үшіншіден, эмоциялық сатып алулардан бас тарту, дәлірек айтқанда импульсивті тұрғыда сауда жасаудан аулақ болыңыз. Бір сәттік көңіл-күймен алынған зат көбіне қажетсіз болып шығады. Ал шыққан шығынның орнын толтыра алмайсыз. Оның үстіне, мұндай жоспардан

тыс сауда сіздің финанстық тұрақтылығыңызға «төңкеріс» әкелуі мүмкін.

Төртінші пункт – тұрақты табыс көзін көбейту. Үнемдеу – тек ақшаны үнемдеумен шектелмейді, ол табысты арттыруды да қамтиды. Қосымша жұмыс, фриланс, шағын қызмет көрсету – бәрі де кірісті өсіруге мүмкіндік. Егер кәсіби саланыздың жұмысы қауырт болмаса немесе моральды тұрғыда сізді шектемейтін болса, жоғарыда атап өткен қосымша табыс табу көздерін қолға алсаңыз болады.

Лайфхактар тізімін түйіндейтін келесі кеңес ұсақ шығындарға қатысты, яғни оларды бақылауда ұстау.

Иә, кофе, такси, тәтті бәліш күнделікті өмірдің бөлшегіне айналып кеткені рас. Елемейміз, бірақ ай соңында есеп жүргізгенде ең көп жұмсалған қаражат осы бір майда дүниелерді сатып алуға кеткен болып шығады. Қазір бір шынайақ кофеңіз өзі жок дегенде мың теңгенің үстінде, ал тәттілерді айтпасақ та біліп отырған боларсыз. Әрине шамадан тыс шектен тастауға болмайды, бірақ қалтана қарай көсілген де дұрыс болар, бәлкім.

Қорытындылай келе, ақша ағаштан жасалған қағаз болса да, байлық сол қағазда емес, оны сауатты тұрғыда жаратуға. Әлем кедейлікті ақша басып шығару арқылы жеңбейді. Бірақ әр адам өз қаржылық мәдениетін қалыптастыру арқылы өз деңгейінде әл-ауқатын жақсарта алады.

Сондықтан ең мықты инвестиция тек банкнот емес, оны басқару екенін есте сақтайық. Жүйе бәрімізді бай қыла алмайтын шығар, бірақ өзіміз өз қаржымызды ұқыпты ұстасақ, жеке өміріміздегі кедейлікті жеңуге толық мүмкіндіктің болары анық.

Қорлан САРЫ

Ақмешіт ЖАСТАРЫ Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №КЗ 32VРУ00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген. «Ақмешіт жастары» республикалық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.		Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	
БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ		Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	
Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10 БАС РЕДАКТОР Дәулет ҚЫРДАН		Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz	
		Кезекші редактор: Нұршат НЫШАНОВА	
		Таралымы: 6479 Тапсырыс: 2071	